

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	5
I Тарау	
1. Жалпы мәліметтер.....	6
1.1 Өндіріс және тұтыну қалдықтары саласындағы мемлекеттік саясат, қалдықтарды басқару саласындағы ҚР іс-шаралары.....	6
2. Өндіріс және тұтыну қалдықтары.....	8
2.1 Республика бойынша жалпы ақпарат.....	8
2.2 Қалдықтарды өңдеу қызметіне салыстырмалы талдау.....	18
2.3 Қалдықтарды өңдеу технологиясы.....	19
3. Медициналық қалдықтар.....	21
3.1 Жалпы ақпарат.....	21
3.2 Республика бойынша медициналық қалдықтар статистикасы.....	24
4. Жойылуы қиын органикалық ластауыштар	34
4.1 Жалпы ақпарат.....	34
4.2 Республика бойынша ЖҚОЛ статистикасы.....	35
II Тарау	
5. Республикада қалдықтарды басқару бойынша аймақтардағы жағдай.....	37
5.1 Ақмола облысы.....	37
5.2 Ақтөбе облысы	43
5.3 Алматы облысы	51
5.4 Атырау облысы.....	59
5.5 Шығыс Қазақстан облысы.....	66
5.6 Жамбыл облысы.....	73
5.7 Батыс Қазақстан облысы.....	81
5.8 Қарағанды облысы.....	88
5.9 Қостанай облысы.....	96
5.10 Қызылорда облысы.....	103
5.11 Маңғыстау облысы.....	111
5.12 Павлодар облысы.....	118
5.13 Солтүстік Қазақстан облысы.....	126
5.14 Түркістан облысы.....	133
5.15 Шымкент қаласы.....	140
5.16 Алматы қаласы.....	146
5.17 Нұр-Сұлтан қаласы.....	154
6. Табиғат пайдаланушылар санын талдау	163
7. Полигондарды талдау және қалдықтарды орналастыру.....	164
8. Дамыту перспективалары.....	165
8.1 Ақпараттық қамтамасыз етуді және техникалық инфрақұрылымды жетілдіру, саланы дамыту және ағымдағы проблемаларды шешу бойынша ұсынымдар.	165
8.2 Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры бойынша жұмыстарды жетілдіруге қатысты ұсынымдарды ұсыныстар.....	167
8.3 Қалдықтарды тасымалдауға GPS-бақылау.....	167
9. Қорытынды	168
9.1 Қалдықтармен жұмыс саласындағы халықаралық тәжірибе. Жапониядағы қалдықтармен жұмыс жүйесі	168
9.2. Италия және Швециядағы қалдықтар кадастрын жүргізу саласындағы халықаралық тәжірибе.....	169
9.3. Қалдықтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу бойынша қорытындылар.....	173

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ЭК	Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі
ҚР ЭГТРМ	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі
ҚР ЭГТРМ «ҚОҚ АТО» ШЖҚ РМК	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
ҚР ДМ	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
ҚР АШМ	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
ҚР ӘМ	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
ҚР ЦДИАӨМ	Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ҚОҚ БАЖ	Қоршаған ортаны қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі
ӨКМ	Өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері
ТҚҚ	Тұрмыстық қатты қалдықтар

КІРІСПЕ

Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының 2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу (бұдан әрі – Шолу) түзілген өндіріс және тұтыну қалдықтарын көму, кәдеге жарату, қайта өңдеу және залалсыздандыру көлемін анықтау, қалдықтарды басқарудың мемлекеттік саясатын тиімді басқару үшін аналитикалық ақпаратты пайдалану және аймақтар бойынша жинақталған, көмілген және орналастырылған өндіріс пен тұтыну қалдықтарына салыстырмалы талдау жүргізу мақсатында жасалды.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ЭК) 19-тарауының талаптарына сәйкес Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры Қоршаған ортаны қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылды және <http://oos.energo.gov.kz> порталында орналастырылды.

Шолуды құрастыру кезінде өндіріс және тұтыну қалдықтарының ҚОҚ БАЗ кіші жүйесіне ұсынылған табиғат пайдаланушылардың деректері пайдаланылды. Сонымен қатар, ақпаратты келесі орталық және жергілікті атқарушы органдар ұсынды:

- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;
- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
- облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктері.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің (<https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo/about?lang=ru>) ресми сайтына орналастырылған талдау және анықтамалық ақпарат пайдаланылды.

Шолуда өндіріс және тұтыну қалдықтары саласында жүргізілетін мемлекеттік саясат туралы ақпарат, қалдықтарды басқару саласындағы ҚР негізгі іс-шаралары ұсынылған. Сонымен қатар, табиғат пайдаланушылар мен қалдықтарды орналастыру полигондарының санына талдау жасалды. Ақпараттық қамтамасыз етуді және техникалық инфрақұрылымды жетілдіру, саланы дамыту және ағымдағы проблемаларды шешу бойынша ұсынымдар келтірілген. Қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы халықаралық тәжірибе зерттелді және жарияланды.

Шолу Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен (бұдан әрі – Министрлік) және ҚР ЭГТРМ «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК-мен әзірленді.

I ТАРАУ

1. Жалпы мәліметтер

1.1 Өндіріс және тұтыну қалдықтары саласындағы мемлекеттік саясат, қалдықтарды басқару саласындағы ҚР іс-шаралары

Қазақстанның қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясаты Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдамада айқындалған және қалдықтарды бөлек жинауды енгізуге, инвестицияларды тарта отырып, қайталама шикізаттан өнім ала отырып, қалдықтарды қайта өңдеу секторын дамытуға, оның ішінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік арқылы дамытуға бағытталған. Тұжырымдамаға сәйкес 2030 жылға қарай қалдықтарды өңдеу үлесі 40%-ға, 2050 жылға қарай-50%-ға дейін жеткізілуі тиіс.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды (бұдан әрі - ТҚҚ) қайта өңдеу саласын дамыту мақсатында нормативтік құқықтық база жетілдірілді. Атап айтқанда Экологиялық кодекске түзетулер енгізілді.

2016 жылдан бастап құрамында сынабы бар шамдар мен құрылғыларды, металл сынықтарын, қалдық майлар мен сұйықтықтарды, батареяларды, электрондық қалдықтарды полигондарға көмуге тыйым салынады.

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап пластмасса, макулатура, картон және қағаз, шыны қалдықтарын көмуге тыйым салу күшіне енді.

2021 жылдан бастап құрылыс және тамақ қалдықтарын көмуге тыйым салынады.

Аталған нормаларды енгізу қалдықтарды өңдеу саласында шағын және орта бизнесті ынталандыруға және дамытуға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта Қазақстан қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және олардың жойылуын бақылау туралы Базель конвенциясына, Жойылуы қиын органикалық ластауыштар туралы Стокгольм конвенциясына, Халықаралық саудадағы белгілі бір қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала анықталған келісім рәсімі туралы Роттердам конвенциясына тарап болып табылады. Министрлікпен Сынап туралы Минамат конвенциясын ратификациялау бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» (бұдан әрі – Жолдау) атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырманы орындауда ҚР Энергетика министрлігі Жолдауды іске асыру жөніндегі ЖҰЖ-ның 15-тармағына сәйкес шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тарта отырып, ТҚҚ-ны қазіргі заманғы кәдеге жарату және қайта өңдеу жөніндегі шаралар кешенінің жобасын әзірледі. Шаралар кешені мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен (ҰЭМ, АКМ, БҒМ, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, «Атамекен» ҰКП, Қазақстандық «KazWaste» қалдықтарды басқару қауымдастығы, «ӨКМ операторы» ЖШС) келісілген және бүгінгі таңда барлық облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктерімен бекітілген.

Шаралар кешені келесілерді қарастырады:

- аймақтарда ТҚҚ басқару саласын дамытудың жалпы стратегиясын айқындайтын қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу;
- барлық операцияларды ескере отырып, қолданыстағы тарифтерді қайта қарау - ТҚҚ жинау, шығару, кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму;
- жеке жинауды енгізу, сұрыптау кешендерін орнату, бұл неғұрлым сапалы қайталама шикізат алуға, қайталама шикізат нарығын дамытуға және полигонға орналастырылатын қалдықтар көлемін қысқартуға, полигондардың қызмет ету мерзімін ұлғайтуға, тиісінше, жаңа полигондар салуға арналған бюджет шығыстарын қысқартуға мүмкіндік береді;
- ТҚҚ-мен жұмыс істеу бойынша, оның ішінде биогаз немесе компост ала отырып органикалық қалдықтарды қайта өңдеу үшін инфрақұрылымды дамыту;
- қызметтер халықтың экологиялық хабардар болуын арттыру және оларды ТҚҚ бөлек жинау процесіне тарту үшін ТҚҚ бойынша халықпен кең ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- ынтымақтастық орнату және инвестиция тарту.

2019 жылы ТҚҚ өңдеу үлесі 14,9%-ды (2018 жылмен салыстырғанда 3% - 11,5% ға өсті) құрады.

Экологиялық кодекс қалдықтарды басқару жүйесімен байланысты экологиялық мәселелерді реттейтін саланың негізгі нормативті құқықтық актісі болып табылады. Кодекстің қалдықтарды басқару саласындағы оның негізгі нормаларын нақтылауды жүзеге асыратын 32 кіші заң актісі және 18 мемлекеттік стандарты болып табылады.

Қолданыстағы Экологиялық кодекс Қазақстанда 2007 жылғы 9 қаңтарда қабылданды, ал оның соңғы редакциясы 2019 жылғы желтоқсанда қолданысқа енгізілді. Жалпы алғанда, бұл норма моральдық ескірген және елеулі қайта қарауды талап етті.

ҚР ЭК-нің жаңа редакциясы Н. Ә. Назарбаевтың Жолдауда айтылған тапсырмасын орындау үшін әзірленуде.

Экологиялық заңнаманы реформалау қажеттігінің негіздемесі экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) сарапшылары жүргізген терең талдау болып табылады, онда орта мерзімді кезеңде Қазақстанның табысты дамуы үшін төрт негізгі мәселенің бірі экологиялық реттеудің тиімділігін арттыру және қолданыстағы заңнаманы ЭЫДҰ тәсілінің өлшемдеріне сәйкес келтіру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 мамырдағы №823 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан «жасыл» экономикаға көшу жөніндегі кеңес құрылды. Кеңестің шешімімен өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында 9 жұмыс тобы құрылды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы «Мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» №827 Жарлығына сәйкес әр аймақтың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламалары жасалды, оған мына индекстер кіреді:

- түзілуіне байланысты ТҚҚ кәдеге жарату және сұрыптау үлесі;

- түзілуіне байланысты өндіріс қалдықтарын кәдеге жарату және сұрыптау үлесі;

- облыс, республикалық маңызы бар қала, елорда халқының қалдықтарды жинау және тасымалдау қызметтері бойынша қамтылуы;

- экологиялық талаптар мен санитарлық нормаларға сәйкес ТҚҚ орналастыру объектілерінің (олардың орналасу орнының жалпы санынан) үлесі.

1.1.1-картада ҚР аймақтардың бөлінісінде 2017-2019 жылдарға арналған қатты қалдықтардың пайда болу көлемі, тұрғындардың ТҚҚ экспорттау қызметтерімен қамтылу пайызы және ТҚҚ жинау мен жоюдың орташа тарифі туралы ақпарат көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 168 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының (бұдан әрі – бірыңғай бағдарлама) 1-қосымшасының 38-тармағына сәйкес қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, қалдықтарды кәдеге жарату Бірыңғай бағдарламаның әлеуетті қатысушылары үшін экономиканың басым секторларына жатқызылған.

Бірыңғай бағдарламаның 94-тармағына сәйкес екінші бағытына қатысушылар экономиканың басым секторларында салаларында өз жобаларын іске асыратын және (немесе) іске асыруды жоспарлап отырған тиімді кәсіпкерлер болып табылады. Бірыңғай бағдарламаның екінші бағыты шеңберінде банктердің қаржылық лизингі несиелері/шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, банктердің/даму банктерінің несиелері бойынша ішінара кепілдендіру түрінде, өндірістік (индустриалды) инфрақұрылымды дамыту, индустриалды аймақты құру, ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру түрінде мемлекеттік қолдау шараларын қарастырады.

Министрлікпен ЭКСПО көрмесінің халықаралық павильондарында ұсынылған жаңа технологияларды қолдану мүмкіндігі туралы мәселе пысықталуда.

2. Өндіріс және тұтыну қалдықтары

2.1 Республика бойынша жалпы ақпарат


Табиғат пайдаланушылардың қалдықтарды түгендеу туралы есептері негізінде құрылған ҚОҚ БАЖ деректер базасының талдауы 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда қауіпті қалдықтар көлемі 23 088,1 мың тоннаға ұлғайғанын көрсетті (немесе 18%), ал 2019 жылы тағы 30 544,35 мың тоннаға (немесе 20%) ұлғаю байқалады. Түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемі 2019 жылы 2017 жылға қарағанда 57 302,55 мың тоннаға (немесе 20%) және 2018 жылға қарағанда 39 996,35 тоннаға (немесе 14%) ұлғайды (2.1.1 - диаграмма).

ҚР ЭК 287-бабының талаптарына сәйкес, тасымалдау, кәдеге жарату, сақтау және көму мақсатында қауіпті қалдықтардың шекарааралық тасымалдау және оларды жоюды бақылау туралы Базель конвенциясына сәйкес қалдықтардың қауіптіліктің 3 деңгеймен белгіленеді: жасыл, янтарлы, қызыл. 2017-2019 жылдары «қызыл» және «янтарлы» тізімдегі

**Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу**

қалдықтарының түзілуінде елеусіз өзгерістер байқалады. 2019 жылы «жасыл» тізімде түзілген қалдықтардың көлемі 2017 жылымен салыстырғанда 53 575,35 мың тоннаға (44%) және 2018 жылмен салыстырғанда 30 508,25 мың тоннаға (21%) өсті (2.1.2-2.1.4-диаграммалар). 2019 жылы түзілген қауіпті қалдықтардың 97,7%-ын «жасыл тізім» 2,3%-ын «янтарлы» тізім және 0,01%-ын «қызыл» тізім қалдықтары құрады.





2.1.1, 2.1.2-кестелерде 2017-2019 жылдардағы қалдықтар көлемі және олармен жұмыс істеу бойынша операциялар көрсетілген.



2.1.1-ші кесте. ҚР бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті қалдықтардың қозғалысы (мың т)

	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Жылдың басында болғаны	3 177 505,4	2 397 723,9	2 519 167,6
Түзілгені	126 874,6	149 962,4	180 506, 8
Басқа тұлғалардан түскені	5 097,4	11 698,7	8 700,7
Қайта өңделгені, қайта пайдаланылғаны, өртелгені	190 785,7	29 993,2	36 645,3
Залалсыздандырылғаны	295,5	451,4	305,0

Қалдықтарды орналастырудың меншік объектілерінде орналасқаны	92 842,2	121 559,0	333 937,5
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілгені	213 833,8	11 113,4	13 374,8
Жыл соңында болғаны	2 904 857,9	2 518 278,5	2 658 354,9

2017-2019 жылдары қауіпті қалдықтардың түзілуі негізінен «жасыл тізім» қауіпті қалдықтары есебінен ұлғаяды.

2019 жылы «қызыл» тізімде түзілген қалдықтардың басым бөлігі Қарағанды облысында (1 555,8 т), «янтарлы» тізім бойынша Павлодар облысында (1 638,5 мың т) және «жасыл» тізім бойынша Қостанай облысында (111 258,8 мың т) (2.1.1-2.1.3-карталар)





2.1.2-кесте. ҚР бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті емес қалдықтардың қозғалысы (мың т)

	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Жылдың басында болғаны	11 951 878,37	12 682 639,27	13 053 555,9
Түзілгені	278 148,78	295 454,77	335 451,35
Басқа тұлғалардан түскені	871,6	1 834,59	2 056,11
Қайта өңделгені, қайта пайдаланылғаны, өртелгені	71 661,24	72 970,24	89 944,55
Залалсыздандырылғаны	9,04	20,482	0,21
Қалдықтарды орналастырудың меншік объектілерінде орналасқаны	172 494,82	189 786,83	200 210,7
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілгені	128 561,55	3 056,53	2 782,9
Жыл соңында болғаны	12 030 675,95	12 903 901,86	13 298 335,9

Қауіпті емес қалдықтардың түзілуі 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 17%-ға және 2018 жылмен салыстырғанда 12%-ға артты (2.1.3-кесте).

2.1.3-кесте. ҚР бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті емес қалдықтардың көлемі (мың т)

	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Қаптауыш материалдар	55,4	37,1	82,6
Макулатура	130,4	211,3	227,7
Пластик қалдықтары	5,3	13,3	68,84
Электронды және электр жабдық қалдықтары	10,3	4,0	1,32
Ірі көлемді қалдықтар	0,8	3,8	73,7
Құрылыс қалдықтары	531,3	690,0	486,1
Басқа қалдықтар	277 415,3	294 495,3	334 511
Қолданыстан шыққан автокөліктер (дана)	3 790	194	135


2019 жылы қағаз және картон қаптауыш қалдықтарының фракциялары қаптауыш материалдарынан түзілген қалдықтардың негізгі үлесін құрады. Ірі габаритті қалдықтар көлемінде жиһаз басым. Электрондық және электр жабдықтарының түзілген қалдықтарының басым бөлігін басқалары, сондай-ақ ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялардың қалдықтары құрады. Пластиктің көлемінде жұмсақ пластик басым, құрылыс қалдықтарында-аралас қалдықтар (2.1.8-2.1.13-диаграммалар).

2.1.3-кестедегі талдау қолданыстан шыққан автокөлік қалдықтарының көлемі 2019 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 28 есеге азайғанын көрсетеді. 2019 жылы құрылған автомобиль қалдықтарының негізгі үлесін бөлшектелмеген автокөлік құрады (2.1.14 диаграмма).

2019 жылы қауіпті қалдықтарды «түзуші» негізгі салалар тау-кен өндіру (131 203,75 мың тонна) және өнеркәсіптің өңдеу салалары (21 619,89 мың тонна), сондай-ақ электрмен жабдықтау (20 501,24 мың тонна) болып табылады (2.1.15-диаграмма).

2019 жылы қауіпті емес қалдықтарды «түзуші негізгі салалар тау-кен өндіру (318 683,45 мың тонна) және өнеркәсіптің өңдеу салалары (9 963,25 мың тонна) және кәсіби ғылыми және техникалық қызмет (3 148,04 мың тонна) болып табылады (2.1.16-диаграмма).

Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу





Пластик оны өндіруден бастап кәдеге жаратуға дейін қоршаған ортаға елеулі зиян келтіреді. Пластикалық өнімдерді шығаратын зауыттар жылына 400 миллион тоннаға дейін көмірқышқыл газын шығарады және бүгінгі күні пластикпен улану және жеу салдарынан жануарлардың 800 түрінің жойылып кету қаупі бар.

Бір рет қолданылатын пакеттер қалалардың кәріз жүйелерінде тұрып қалады және су басу қаупін тудырады, пластмасса қалдықтары жануарлар мен түрлі салаларға зиян келтіріп, демалуға арналған жағалаулар мен жағалаулық аймақтарды ластайды.

Қазақстанда мұхиттарға шығудың жоқтығына қарамастан, теңіз, өзендер мен көлдер бар, мұхиттардағы пластмасса қалдықтар әдетте жыл бойы ыдырайды, бірақ толық емес, және осы процесте бисфенол А және полистирол сияқты улы химиялық заттар оның кейбір түрлерінен суға түсуі мүмкіндігі бар.

Пластик шамамен екі жүз жыл бойы ыдырайды. Жерге түскен кезде пластмассалар ұсақ бөлшектерге ыдырап, қоршаған ортаға химиялық заттарды тастай бастайды. Жер асты сулары арқылы пластик микрогранулдары мен оның химикаттары жақын жердегі су көздеріне жіберіледі, бұл көбінесе жануарлардың жаппай қырылуына алып келеді.

Пластмассада пластиктің түріне байланысты химиялық заттардың көптеген түрлері бар (пластикті таңбалау қоса беріледі). Химиялық заттарды қосу пластмасса көп мақсатты болуы негізгі себеп болып табылады. Пластмасса өндірісінде қолданылатын химиялық заттардың кейбіреулері тамақ тізбегі бойынша адамдарда жұтылу қаупін тудырады.

Өркениеттің заманауи игіліктері адамдар үшін ыңғайлылық туғызып қана қоймай, табиғатқа түзелмейтін зиян келтіреді. Тек соңғы 10 жыл ішінде әлемде өткен ғасырға қарағанда көп пластикалық бұйымдар шығарылды.

Бір реттік ыдыс – аяқ, пакеттер, қаптауыштар, бөтелкелер және әртүрлі ыдыстар-күн сайын «өндіретін» пластик қоқыстың ең көп таралған түрлері. Қазақстанда түзілген көлемнен пластмассаның 28,7 пайызы ғана қайта өңделеді және адам өмірі мен тұрмысында қайта пайдаланылады.

**Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу**





2.2 Қалдықтарды өңдеу қызметіне талдау


ҚОҚ БАЖ-дың Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрына ұсынылған табиғат пайдаланушылардың есептілігіне сәйкес 2017 жылдан бастап қайта өңделген, қайта пайдаланылған, жағылған қауіпті қалдықтар үлесінің төмендеуі байқалады. 2018 жылы көлемнің азаюы 2017 жылға қарағанда 160 792,5 мың тоннаны (немесе 84%) құрады, 2019 жылы 2018 жылға қарағанда ұлғаю 6 652,1 мың тоннаны (немесе 22%) құрады (2.2.1 диаграмма).



2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда қайта өңделген, қайта пайдаланылған және өртелген қауіпті емес қалдықтардың үлесі 1 309 мың тоннаға (немесе 2%) ұлғаюда. 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда көлемі 16 974,4 мың тоннаға (немесе 23%) ұлғайды (2.2.2-диаграмма).



2.2.3 және 2.2.4-диаграммаларда қайта өңдеу түрлері бөлінісінде қайта өңделген қауіпті және қауіпті емес қалдықтардың қатынасы көрсетілген.



2.3 Қалдықтарды өңдеу технологиясы

Қалдықтарды өңдеу, зарарсыздандыру және кәдеге жарату физикалық, химиялық немесе биологиялық процестерді қамтиды, оның ішінде пайдалану (өндіру), тауарлар немесе басқа да өнімдерде пайдаланылатын шикізаттан және (немесе) басқа материалдардан алынатын, қалдықтардың қасиеттерін өзгертуге, олардың көлемін немесе қауіпті қасиеттерін азайтуға көмектеседі. Өндіріс және тұтыну қалдықтары экологиялық тепе-теңдікке қауіп төндіреді және сонымен бірге шикізат көзі болып табылады.

ҚР ЭК 293-бабының талаптарына сәйкес мамандандырылған кәсіпорындарға бөлек жинауға және кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге берілуі тиіс қалдықтардың жекелеген санаттарына бөлінеді. Бұл санатқа электронды және электр жабдықтары, құрамында сынабы бар қалдықтар, батареялар, аккумуляторлар кіреді. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №695 бұйрығымен бекітілген Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері таратылатын өнімдер

(тауарлар) тізбесімен қарастырылатын қалдықтар өңдеуге және кәдеге жаратуға жататын процестерге ұшырайды.

Қалдықтарды қайта өңдеу бойынша ең жақсы қолжетімді технологиялар Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы «Ең жақсы қолжетімді технологиялардың тізбесін бекіту туралы» №155 бұйрығының 9 тармағына сәйкес ұсынылады. Қалдықтарды қайта өңдеу және жою нәтижесі қайталама материал немесе энергетикалық ресурстар болып табылады. Тұтыну қалдықтарын екінші шикізатқа беру критерийлері Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 19 шілдедегі № 322 бұйрығымен бекітілген.

Полигондарға тамақ, құрылыс қалдықтары, шыны, пластмасса, пластик, қағаз және картон қалдықтарын тастауға тыйым салу бойынша қабылданған шаралар, сондай-ақ қатты қалдықтарды бөлек жинау, сұрыптау және өңдеуді енгізу өндіріс көлемін арттырады және қайта өңдеудің сапасын жақсартады, полигонға орналастырылған ТҚҚ көлемін азайтады, полигондардың қызмет ету мерзімін көбейтеді, сонымен қатар ТҚҚ кәдеге жарату және қайта өңдеу бойынша шағын және орта бизнестің дамуына қосымша серпін береді. ТҚҚ бөлек жинауды табысты жүзеге асыруда халықтың экологиялық санасы мен мәдениеті маңызды рөл атқарады.

Министрлікпен азаматтардың экологиялық мәдениетін көтеру мақсатында білім және ақпарат саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп, қоршаған ортаға ұқыпты қарау, қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу тұрғысынан халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Мектептегі білім беру жүйесіндегі экологиялық тәрбие жалпы және қосымша білім беру жүйесіндегі сабақтарда жүзеге асырылады. Студенттерді экологиялық тәрбиелеу үшін жоғары оқу орындарында жыл сайын экологиялық акциялар өткізіледі.

Сонымен қатар, Министрлік «ӨКМ Операторы» ЖШС-мен бірлесіп 2019 жылы «Пакет? Жоқ! Рахмет!» тақырыбына семинар өткізді. «Жер Сағаты» халықаралық акциясы, сондай-ақ тұрғындардың ТҚҚ және қауіпті қалдықтардың пайда болу орындарында дұрыс жұмыс істеуі, ТҚҚ-ны бөлек жинау (бейне-аудио-роликтер, баннерлер, БАҚ-та жариялау, эко-сабақтар, эко-лекциялар, экологиялық акциялар) туралы үгіттеу жұмыстарды жүргізілуде.

Сонымен бірге, 2019 жылдың басынан бастап бөлек жинауды енгізуге қатысты бұқаралық ақпарат құралдарында 2 697 материалдар, оның ішінде республикалық телеарналарда – 358 сюжет, республикалық баспа басылымдарында – 236 мақала, интернет – ресурстарда – 696 материал, аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарында – 1 407 материал (596 сюжет, 811 мақала) орналастырылды.

Аймақтарда БАҚ, әлеуметтік желілерде еріктілерді тарта отырып және халық арасында қалдықтарды бөлек жинауды насихаттау және экологиялық сананы арттыру мақсатында ТҚҚ бөлек жинау бойынша үгіт-насихат іс-шаралары өткізілді.

Қазіргі таңда ҚР-ның барлық аймақтарында қалдықтарды қайта өңдейтін кәсіпорындар бар. 2.3.1-картада ҚР аймақтары бөлінісінде қалдықтарды жинауды, сұрыптауды және қайта өңдеуді жүзеге асыратын және қайталама шикізат өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың саны туралы ақпарат бар (облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктерімен ұсынылған деректерге сәйкес).

2.3.1-картада қалдықтарды жинау, сұрыптау және қайталама шикізатты қайта өңдеу жолымен өнім өндіруді жүзеге асыратын кәсіпорындардың саны туралы ҚР өңірлері бөлінісінде ақпарат бар (облыстардың және Республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктері ұсынған деректерге сәйкес).

3. Медициналық қалдықтар

3.1 Жалпы ақпарат

Қазақстан Республикасында медициналық қалдықтарды басқару жүйесіндегі негізгі нормативтік-құқықтық базасы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 31 мамырдағы «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы №357 бұйрығы; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 23 сәуірдегі «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № 187 бұйрығы; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 30 наурыздағы «Медициналық қалдықтар туралы ақпарат беру ережесін бекіту туралы» № ДСМ-15 бұйрығы болып табылады.

Медициналық қалдықтар бойынша ақпаратты ұсыну тәртібі:

1) Денсаулық сақтау ұйымдары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 31 мамырдағы № 357 бұйрығымен бекітілген «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес нысан бойынша журналда түзілген медициналық қалдықтардың күнделікті есебін жүргізеді;

2) Мамандандырылған ұйымдар медициналық қалдықтарды залалсыздандыру және (немесе) жою жөніндегі күнделікті есепке алу журналын жүргізеді;

3) Қалдықтардың меншік иелері ҚР ЭК 296-бабына және 19-тарауына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға оларды өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрына енгізу үшін медициналық қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы жыл сайынғы есеп түрінде медициналық қалдықтар бойынша ақпаратты береді;

4) Есеп жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға Қағидаларға сәйкес нысанды толтыру және ақпарат беруге жауапты уәкілетті тұлғаның оған қол қоюы арқылы ұсынылады;

5) Қалдықтардың меншік иелері есептер деректерінің толықтығын, үздіксіздігін және нақтылығын қамтамасыз етеді;

6) Қалдықтардың меншік иелері қалдықтарды есепке алу жөніндегі құжаттаманы кемінде бес жыл сақтайды;

7) Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері қоршаған ортаны қорғау жүйесі арқылы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде медициналық қалдықтар жөніндегі деректерге талдау жүргізеді.

Медициналық қалдықтар бес қауіпсіздік класына бөлінеді:

1) қауіпті емес қалдықтар – қауіпті қасиеттерге ие емес қалдықтар – А класы;

2) эпидемиологиялық қауіпті қалдықтар – инфекцияланған және әлеуетті инфекцияланған қалдықтар (қанмен және басқа да биологиялық сұйықтықтармен ластанған материалдар және аспаптар, заттар, патологоанатомиялық қалдықтар, органикалық операциялық қалдықтар) – Б класы;

3) төтенше эпидемиологиялық қауіпті қалдықтар – инфекциялық аурулармен ауыратын науқастармен жанасқан, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында төтенше жағдайлардың пайда болуына алып келуі мүмкін және аумақты санитариялық қорғау бойынша іс-шараларды жүргізуді талап ететін материалдар, фармацевтикалық және иммундық биологиялық өндірістердің қалдықтары) – В класы;

4) токсикологиялық қауіпті қалдықтар – пайдалануға жатпайтын қалдықтар (дәрілік, оның ішінде цитостатиктер, диагностикалық, дезинфекциялау құралдары), құрамында сынабы бар заттар, аспаптар мен жабдықтар, фармацевтикалық өндірістердің шикізаттары мен өнімдерінің қалдықтары, жабдықты, көлікті, жарықтандыру жүйелерін пайдалану қалдықтары) – Г класы;

5) радиоактивті қалдықтар – құрамында Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы заңнамаларымен белгіленген, радиоактивті заттар үшін регламенттелген мәннен асатын мөлшерде және концентрацияда радиоактивті заттар бар қалдықтар – Д класы;

Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық мекемелердің қызметі нәтижесінде шығарылған қалдықтардың жалпы санынан шамамен 80%-ы ТҚҚ болып табылады. Қалған 20%-ы инфекциялық, улы немесе радиоактивті болуы мүмкін қауіпті материалдар болып саналады.

Жұқпалы және патологиялық қалдықтардың жалпы тізімінің көпшілігін қауіпті медициналық қалдықтар алады. Олар медициналық мекемелердің жалпы қалдықтарының 15%-ын құрайды. Өткір заттар барлық қалдықтардың 1%-ын құрайды, олар тиісінше жұмыс ісеген жағдайда инфекцияның негізгі таралу көзі болып табылады. Медициналық мекемелердің қалдықтарының шамамен 3%-ы химиялық заттар мен дәрілік препараттар ал, медициналық мекемелердің генотиптік қалдықтар мен

радиоактивті заттар және ауыр металдары бар материалдар жалпы қалдықтардың шамамен 1%-ын құрайды.

Медициналық мекемелерден қалдықтарды өңдеу және жою тәуекелдерді азайтуға қарамастан, денсаулыққа байланысты жанама тәуекелдер емдеу немесе жою кезінде қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарылуына байланысты болуы мүмкін. Қалдықтармен ластанған полигондар тиісті құрылыстар болмаған жағдайда ауыз суды ластауы мүмкін.

Қалдықтарды өртеу еуропа және азия түрлі елдерінде кеңінен қолданылады, бірақ дұрыс емес өртеу немесе зиянды материалдарды өртеу атмосфераға ластауыш заттардың шығарылуына және күл қалдықтарының түзілуі алып келеді. Құрамында хлоры бар жанғыш материалдардан диоксиндер мен фурандар пайда болады, олар адамдарда онкологиялық аурулар тудыратын канцерогендері болып табылады. Ауыр металдарды немесе құрамында жоғары металл бар материалдарды (әсіресе қорғасын, сынап және кадмий) өртеу улы металдардың қоршаған ортаға таралуына алып келуі мүмкін.

Тек 850-1100°C температурасында жұмыс істейтін инсинераторлар мен газды тазарту үшін арнайы жабдықталған заманауи газ тазартқыш диоксиндер мен фурандардың шығарындыларының халықаралық стандарттарына жауап береді. Қазіргі уақытта автоклавты, микротолқынды терапияны, іштен араластыруға және химиялық өңдеуге байланысты бутермиялық өңдеу сияқты өртеу баламалары бар.

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне сәйкес орталық және жергілікті атқарушы органдар өз құзыреті шегінде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады. Соған қарамастан, медициналық мекемелердің қалдықтарымен байланысты денсаулыққа қауіптілік туралы ақпараттың жеткіліксіздігі, қалдықтарды дұрыс басқарудың жеткіліксіз дайындығы, қалдықтарды басқару және кәдеге жарату жүйелерінің жоқтығы, қаржылық және кадрлық ресурстардың жеткіліксіздігі және сонымен қатар бұл тақырыпқа тиісті көңіл бөлінбеуі, медициналық мекемелердің қалдықтарымен байланысты ең көп таралған мәселесі болып табылады.

Қазақстан Республикасында медициналық қалдықтарды кәдеге жарату лицензияланбайды. Кәдеге жарату мәселелері негізінен кәсіпкерлік саласына берілген: Денсаулық сақтау ұйымдары осындай қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындармен шарт жасасады. Медициналық қалдықтардың бір бөлігін технологиялық жабдықтары бар емдеу-алдын алу ұйымдары кәдеге жаратады. Қауіпті қалдықтарды кәдеге жаратумен айналысатын компаниялар Қазақстанның әр аймағында бар. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату үшін ауруханаларға ақшалай қаражат әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан түседі. Қалдықтарды кәдеге жаратудың міндетті және бірыңғай тарифі жоқ болғандықтан бұл бәсекелестік ортаға жатқызылған және орналасқан. Қалдықтардың негізгі массасы өртеу әдісімен кәдеге жаратылады. Күл ТҚҚ полигонына шығарылады. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату стандарттары бойынша қалдықтар 900-ден 1200

градусқа дейін температураны сақтайтын және қалдықтарды толық жағу үшін айналуға мүмкіндігі бар арнайы инсинератор-пеште жағылуы тиіс. Аталған құрылғы ҚР-да медициналық қалдықтарды кәдеге жарату қызметінде пайдалану мүмкіндігі үшін сертификатталуы тиіс.

Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату қызметін қайта қарау, стандарттар мен нормаларды әзірлеу қажет және ол заңмен реттелетін болады.


3.2 Қауіптілік кластары бойынша Қазақстан Республикасындағы медициналық қалдықтардың статистикасы

2017-2018 жылдардағы медициналық қалдықтардың статистикасы ҚР ДМ Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің ақпаратына сәйкес құрылды. 2019 жылғы деректер ҚОҚ БАЖ өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрына қалдықтардың меншік иелері ұсынған медициналық қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі есептерге сәйкес қалыптастырылған.

2017-2018 жылдары «А» класында түзілген медициналық қалдықтардың көлемі тоннамен өлшенді, 2019 жылы бұйрықпен бекітілген нысан бойынша ақпарат текше метрде ұсынылған. Осыған байланысты 2019 жылы жалпы білім беру көлеміне «А» класындағы түзілген қалдықтардың көлемі енгізілмеген, олар 121 799,6 м³ құрады.

3.2.1-картада ҚР өңірлері бөлігінде 2019 жылғы медициналық қалдықтар бойынша ақпарат көрсетілген.



«А», «Б», «В» және «Д» кластарда түзілген медициналық қалдықтардың динамикасы 3.2.1-диаграммада көрсетілген.



2018 жылы «Г» класында түзілген медициналық қалдықтардың приборлар саны 2017 жылмен салыстырғанда 13 124 данаға (10%) азайды. 2019 жылы бұл көрсеткіш 2017 жылмен салыстырғанда 103 504 данаға (82%)


Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу

және 2018 жылмен салыстырғанда 90 380 данаға (78%) азайды (3.2.2-диаграмма).



2019 жылы «Г» класында түзілген қатты медициналық қалдықтардың көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 7 716,3 кг (немесе 57%) және 2018 жылмен салыстырғанда 4 706,1 кг (немесе 46%) азайды (3.2.4-диаграмма).


Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу




2019 жылы республика бойынша «А» класындағы медициналық қалдықтардың көлемі 121 799,6 м³, «Б» класындағы – 112,28 мың тоннаны, «В» класындағы – 11,3 мың тоннаны және «Д» класындағы – 0,4 мың тоннаны құрады.


«Б» класында түзілген медициналық қалдықтардың көлемі бойынша 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 188 мың тоннаға (немесе 92%) кему байқалады. 2019 жылы 2018 жылға қарағанда өсім 6 есені (96,5 мың тонна) құрады (3.2.5-диаграмма).

«В» класында түзілген медициналық қалдықтардың көлемі 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 20 есеге (10,7 мың тоннаға) артты (3.2.6-диаграмма).





2017-2019 жж. «Д» класында түзілген медициналық қалдықтар бойынша біршама өсу 2019 жылы байқалады (3.2.7-диаграмма).



2019 жылы «А» класында түзілген медициналық қалдықтардың ең көп көлемі Жамбыл (39 930,4 м³), Павлодар (24 764,0 м³) және Солтүстік қазақстан (27 003,2 м³) облыстарына тиесілі (3.2.8-диаграмма).

2019 жылы «Б» класында түзілген медициналық қалдықтардың көлемі бойынша ең көп көлем Нұр-сұлтан (80 159,2 т), Павлодар (17 556,4 т) және Жамбыл (6 774) облыстарына тиесілі (3.2.9-диаграмма).


2019 жылы «В» класында түзілген медициналық қалдықтардың ең көп көлемі Солтүстік Қазақстан облысында (6 044,6 т), Алматы қаласында (3 033,7) және Түркістан облысында (1 824,0 т) қалыптасты (3.2.10-диаграмма).


Құрамында сынабы бар заттардың көлемі бойынша («Г» класындағы медициналық қалдықтар) 2019 жылы ең үлкен көлемге Нұр-сұлтан қаласы (7 967 дана), Алматы қаласы (4 774 дана) және Жамбыл облысы (2 698 дана) тиесілі (3.2.11-диаграмма)

**Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу**


2019 жылы өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрына ұсынылған медициналық қалдықтармен жұмыс істеу бойынша есептердің жалпы саны 306 бірлікті құрады. Есептердің ең көп саны Алматы қаласы (66 есеп), Нұр-сұлтан қаласы (54 есеп) және Қарағанды облысы (44 есеп) бойынша ұсынылды (3.2.12-диаграмма).


3.2.8-диаграмма
Аймақтар бөлінісінде 2019 жылғы А класында түзілген медициналық қалдықтардың қатынасы, м³






3.2.10-диаграмма
Аймақтар бөлінісінде 2019 жылғы В класында түзілген медициналық қалдықтардың қатынасы, т







4. Жойылуы қиын органикалық ластауыштар

4.1 Жалпы ақпарат

Жойылуы қиын органикалық ластауыштар – биожинақтағыштығымен сипатталатын ыдырауға төзімді, уытты заттарға ие химиялық заттар тобы.

Қазақстан Республикасы экологиялық қауіпсіздік мәселелерін халықаралық реттеуде белсенді қатысады. Қазақстан экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ЖҚОЛ саласындағы проблемаларға байланысты бірқатар халықаралық келісімдер мен конвенцияларды ратификациялады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық базасы қазірдің өзінде Базель конвенциясымен ішінара үйлеседі. Атап айтқанда, қалдықтар Базель конвенциясына сәйкес қауіптіліктің үш деңгейі бойынша жіктеледі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 шілдедегі №594 қаулысымен Базель конвенциясына толық сәйкес келетін қалдықтарды әкелу, әкету және тасымалдау ережелері бекітілді.

Роттердам конвенциясын ратификациялаған сәттен бастап, Қазақстан осы Конвенция шеңберіндегі улы химиялық заттар, олардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға әсері туралы ақпаратқа қол жеткізді.

ЖҚОЛ туралы Стокгольм конвенциясына сәйкес міндеттемелердің орындалуы бірлескен халықаралық жобаларды іске асыру, Жойылуы қиын органикалық ластауыштар туралы Стокгольм конвенциясы бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау жоспарын жасау және ЖҚОЛ-дың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға әсерін азайту жөніндегі жоспарланған іс-шараларды орындау арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2009 жылғы 8 желтоқсандағы № 261-О бұйрығымен Конвенцияның бастапқы тізіміне енгізілген ЖҚОЛ-ды реттеу бойынша шараларды қарастыратын ЖҚОЛ туралы Стокгольм конвенциясы бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындаудың бастапқы жоспары бекітілді. Қазақстанда ЖҚОЛ өндірісінің жоқтығына қарамастан, мәселе ел үшін өте өзекті. ЖҚОЛ қалдықтарының қоры бойынша Қазақстан Республикасы Шығыс және Орталық Еуропа елдерінің арасында Ресей Федерациясынан кейін екінші орынды алады.

90-шы жылдарға дейін пестицидтер Қазақстанның барлық ауыл шаруашылығының барлық жерлерінде кеңінен қолданылды. ЖҚОЛ қасиеттері бар пестицидтер Қазақстанда ешқашан өндірілмеген. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ЖҚОЛ пестицидтерін әкелуге және әкетуге тыйым салынады бірақ, бұрынғы КСРО-да бұрын өндірілген және пайдаланылған ЖҚОЛ-дың көп мөлшері Қазақстан аумағында жинақталған.

Пестицидтерден басқа, олардан босаған ыдыстарды кәдеге жарату мәселесі де шешуді қажет етеді. Тұрғындар білместікпен оны көбіне тамақ өнімдерін және суды сақтауда тұрмыстық мақсаттарда пайдаланатындықтан ыдыстар халықтың денсаулығына нақты қауіп төндіреді.

Стокгольм конвенциясы бастапқыда 12 затты («он екі қара») қамтыды. 2009 жылғы мамырда Стокгольм конвенциясының Тараптарының 4-ші конференциясында ЖҚОЛ тізіміне 9 жаңа химиялық зат қосылды. Жойылуы қиын органикалық ластауыштар туралы Стокгольм конвенциясымен 2009 және 2011 жылдары танылған химиялық заттардың Қазақстан Республикасында өндірілмегені және өндірілмейтіні белгілі. Алайда, АҚШ, ЕО, Үндістан, Қытай және Ресей Федерациясының жаңа ЖҚОЛ болуы мүмкін өнімдер импортының үлкен үлесі Қазақстанға тиесілі. Сонымен қатар, Кеңес Одағы кезінде құрамында ЖҚОЛ бар өнімдер Қазақстан Республикасының аумағына еркін кірді.

Қазақстанда химиялық заттар мұнай өңдеу, тау-кен металлургиясы, химия, құрылыс, фармацевтика салаларындағы өнеркәсіп кәсіпорындарында өндіріледі. Өндірілетін химиялық өнімдердің негізгі түрлері - күкірт қышқылы, хром және фосфор қосылыстары. Республиканың кәсіпорындарында химиялық заттардың кең спектрі қолданылады (қышқылдар мен сілтілер, еріткіштер, бояғыштар және т.б.). Экспорт құрылымында газ, мұнай өнімдері, күкірт қышқылы, сары фосфор және оның қосылыстары, минералды тыңайтқыштар, хром қосылыстары басым. Импорт негізін өсімдіктерді қорғау және өнеркәсіп химикаттары құрайды.

Ел аумағындағы ЖҚОЛ-дың көп мөлшері – қорғасын, кадмий және мырыш сияқты ауыр металдар және хром жинақталған. Елде бір тұрғынға орта есеппен алғанда бір жарым мың тонна өнеркәсіптік және коммуналдық қалдықтардан келеді, бұл Еуропалық мемлекеттермен жинақталған қалдықтар деңгейінен асады.

1968 жылдан бастап 1990 жылға дейін конденсаторларды толтыруға арналған сұйықтық ретінде Өскемендегі конденсатор зауытында өнеркәсіп өндірісінде қолданылатын ПХД-сы бар жабдық проблема болып табылады.

Қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу/жою, (ескірген пестицидтермен қоса) қалдықтарды сақтау/жою (ескірген, тыйым салынған, қолдануға жарамсыз химиялық заттар), тамақ өнімдерінде (соның ішінде пестицидтер) қауіпті химиялық заттардың болуы химиялық қауіпсіздік саласындағы шұғыл шешімдерді талап ететін біршама маңызды проблемалардың бірі болып табылады.

4.2 Республика бойынша ЖҚОЛ статистикасы

ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешенін дамыту комитетінің деректері бойынша Атырау, Маңғыстау және Түркістан облыстарынан басқа Қазақстанның барлық аймақтарының аумағында пестицидтерді сақтайтын қоймалар жұмыс істейді. ҚР бойынша қоймалардың жалпы саны 325 бірлікті құрайды. Ақмола, Алматы және Қостанай облыстарының аумақтарында пестицидтерді сақтайтын қорымдар бар.

2019 жылғы а ҚР бірқатар өңірлерінде қолданылған пестицидтердің ыдыстарын кәдеге жарату жүргізілді (4.2.1-кесте)

**4.2.1-кесте. 2019 жылы қолданылған пестицидтердің ыдыстарын
кә деге жарату деректері**

№ р/с	Облыс/қала	Бюджеттік ыдыстың саны, дана/кг	Қолданылған пестицидтердің ыдыстардың саны, дана/кг
1.	Алматы қ.	2 030 дана	-
2.	Ақ мола облысы	27 714 дана	93 813 дана
3.	Ақ тө бе облысы	573 дана	19 034 дана
4.	Алматы облысы	9 097 дана	528 дана
5.	Жамбыл облысы	1 323 дана	2 060 дана
6.	Батыс Қазақ стан облысы	866 дана	2 080 дана
7.	Қостанай облысы	17 000 дана	243 964 кг
8.	Қызылорда облысы	695 кг	6 925 кг
9.	Солтү стік Қазақ стан облысы	23 125 дана	414 178 дана
Барлығы		81 728 дана жә не 695 кг	531 693 дана жә не 250 889 кг

Қостанай облысының үлесіне залалсыздандырылған тыйым салынған немесе жарамсыз болған пестицидтер мен олардың ішінде 7 828 кг ыдыс жатады, олардың негізгі жеткізушісі Қостанай облысының «Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» ММ болып табылады.


4.2.1-картада ҚР аймақтары бөлінісінде құрамында ЖҚОЛ бар қалдықтар бойынша статистика келтірілген.

II Тарау

5. Республикада қалдықтарды басқару бойынша аймақтардағы жағдай.


5.1 Ақмола облысы

Есептілік кезеңде Ақмола облысы бойынша ҚОҚ БАЖ-ға қалдықтарды түгендеу туралы 1 459 есеп қабылданды, бұл 2018 жылғы есептер санынан 124 бірлікке аз. 56 есеп ҚР ЭГТРМ «ҚОҚ АТО» ШЖҚ РМК модераторларымен, 1 403 есеп табиғат пайдаланушылармен өздігімен енгізілді.





ҚОҚ БАЖ-дың Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының кіші жүйесінің деректері бойынша 2019 жылы түзілген қауіпті қалдықтардың жалпы көлемі Ақмола облысы бойынша 9 433 238,8 тоннаны құрады. Бұл 2018 жылмен салыстырғанда 1 416 479,8 тоннаға (немесе 18%) және 2017 жылмен салыстырғанда 7 533 487,6 тоннаға (немесе 4 есеге) көп. 2019 жылы түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемі 779 127,7 тоннаны құрады, бұл 2017 жылға қарағанда 69 279,6 тоннаға (немесе 10%) көп, бірақ 2018 жылға қарағанда 37 702,5 тоннаға (немесе 5%) аз. 2019 жылы облыс бойынша түзілген қауіпті және қауіпті емес қалдықтардың жалпы көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 4 есеге және 2018 жылмен салыстырғанда 16%-ға артты (5.1.1-диаграмма).

2018-2019 жылдары «Қызыл» тізімдегі қалдықтар түзілмеген. «Янтарлы» тізімдегі қалдықтардың көлемі 2019 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 19 929,5 тоннаға (немесе 30%) төмендеді, 2018 жылмен салыстырғанда 4 421,2 тоннаға (немесе 10%) ұлғаю байқалады. 2019 жылы «жасыл» тізімдегі қалдықтар көлемі 2017 жылға қарағанда 7 553 420 тоннаға (немесе 5 есе) және 2018 жылмен салыстырғанда 1 412 058,5 тоннаға (немесе 18%) ұлғайды (5.1.2-5.1.4-диаграммалар).



5.1.5 және 5.1.6-диаграммаларда Ақмола облысы бойынша 2019 жылы «яңтарлы» және «жасыл» тізімдерде түзілген қауіпті қалдықтарының үлесі пайыздық қатынаста бөлінді.





5.1.1-5.1.3-карталарда Ақмола облысы бойынша 2019 жылғы қауіпті қалдықтардың аса көп көлемі бар ҚОҚ БАЖ объектілері көрсетілген.

5.1.1-кесте. Ақмола облысы бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті қалдықтардың қозғалысы (т)

	2017 ЖЫЛ	2018 ЖЫЛ	2019 ЖЫЛ
Жылдың басында болғаны	8 874 982,8	10 267 923,9	17 706 254,6
Түзілгені	1 899 751,2	8 016 759,0	9 433 238,8
Басқа тұлғалардан түскені	31 514,8	170 509,6	145 728,4
Қайта өңделгені, қайта пайдаланылғаны, өртелгені	295 955,8	341 556,4	864 883,1
Залалсыздандырылғаны	5 414,2	18 594,5	9 682,0
Қалдықтарды орналастырудың меншік объектілерінде орналасқаны	1 379 334,6	7 547 506,6	8 193 511,1
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілгені	284 238,2	403 279,1	421 574,5
Жыл соңында болғаны	10 226 054,8	17 710 357,1	25 998 764,1

2019 жылы қаптауыш материалдары қалдықтарының көлемі 2017 және 2018 жылдармен салыстырғанда 20 есеге (28 720,5 тоннаға) ұлғайды. Макулатураның көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 5 есеге (5 250,8 тоннаға) және 2018 жылмен салыстырғанда 3 есеге артты. 2019 жылы пластик қалдықтарының көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 169,2 тоннаға (немесе 68%) және 2018 жылмен салыстырғанда 138,9 тоннаға (немесе 48%) өсті. 2019 жылы электрондық және электр жабдықтарының қалдықтары 2017 жылға

**Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу**


қарағанда 8,7 тонна (немесе 9%) төмендеді және 2018 жылға қарағанда 81,5 тоннаға (немесе 48%) төмендеді. Ірі көлемді қалдықтардың көлемі есептілік кезеңде 2017 жылға қарағанда 27,9 тоннаға (30%) өсті, бірақ 2018 жылға қарағанда 347,6 тоннаға (немесе 75%) төмендеді. 2019 жылы құрылыс қалдықтарының түзілуі 2017 жылға қарағанда 346,3 тоннаға (немесе 29%) және 2018 жылға қарағанда 107,2 тоннаға (немесе 7%) ұлғайды (5.1.2-кесте).

5.1.7-5.1.12-диаграммаларда 2019 жылғы түзілген қауіпті емес қалдықтардың түрлері көрсетілген.


5.1.4-картада Ақмола облысы бойынша қайталама шикізатты қабылдау бекеттері көрсетілген.

5.1.2-кесте. Ақмола облысы бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті емес қалдықтардың қозғалысы (т)

	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Қаптауыш материалдар	1 415,6	1 147,6	30 136,1
Макулатура	1 232,4	2 093,7	6 483,2
Пластик қалдықтары	247,6	280,9	416,8
Электронды және электр жабдық қалдықтары	97,5	170,3	88,8
Ірі көлемді қалдықтар	91,4	466,9	119,3
Құрылыс қалдықтары	1 207,8	1 446,9	1 554,1
Қолданыстан шыққан автокөліктер (дана)	540,0	7,0	0,0
Басқа қалдықтар	705 555,7	811 223,9	740 329,3









2019 жылы Ақмола облысы бойынша «А» класындағы медициналық қалдықтардың көлемі 334,5 м³, «Б» класты – 17,838 тонна, «В» класты – 0,2 тонна, «Г» класты құрамында сынабы бар заттар - 249 дана, дәрілік заттар – 0,02 л құрады.

Облыс бойынша «Б» және «В» класында түзілген медициналық қалдықтар көлемінің арақатынасы 5.1.13-диаграммада көрсетілген. «Б» және «В» класындағы 2017-2019 жылдардағы түзілген медициналық қалдықтар көлемінің төмендеу динамикасы 5.1.14 - 5.1.15-диаграммаларда берілген.


5.1.13-диаграмма
Ақмола облысы бойынша Б, В кластарында түзілген медициналық қалдықтар көлемінің қатынасы, %



5.1.14-диаграмма
2017-2019 жж. Б класында түзілген медициналық қалдықтардың көлемі, т




5.1.15-диаграмма
2017-2019 жж. В класында түзілген медициналық қалдықтардың көлемі, т



5.1.5-картада облыс бойынша қатты тұрмыстық, қауіпті және қауіпті емес қалдықтарды орналастыруға арналған полигондар бойынша ақпарат ұсынылған.

5.2 Ақтөбе облысы




Есептілік кезеңде Ақтөбе облысы бойынша ҚОҚ БАЖ-ға қалдықтарды түгендеу туралы 1 088 есеп қабылданды, бұл 2018 жылғы есептер санынан 74 бірлікке аз. 20 есеп ҚР ЭГТРМ «ҚОҚ АТО» ШЖҚ РМК модераторларымен, 1 068 есеп табиғат пайдаланушылармен өздігімен енгізілді.



ҚОҚ БАЖ-дың Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының кіші жүйесінің деректері бойынша 2019 жылы түзілген қауіпті қалдықтардың жалпы көлемі Ақтөбе облысы бойынша 1 916 348,4 тоннаны құрады. Бұл 2018 жылмен салыстырғанда 118 063,0 тоннаға (немесе 6%) және 2017 жылмен салыстырғанда 888 816,5 тоннаға (немесе 87%) артық. 2019 жылы түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемі 116 455,3 тоннаны құрады, яғни, 2017 жылға қарағанда 27 265,4 тоннаға (немесе 31%) көп, бірақ 2018 жылмен салыстырғанда 25 009,5 тоннаға (немесе 18 %) аз. 2019 жылы облыс бойынша түзілген қауіпті және қауіпті емес қалдықтардың жалпы көлемі 2017 жылмен салыстырғанда шамамен екі есеге ұлғайды және 2018 жылға қарағанда айтарлықтай азайған жоқ (5.2.1-диаграмма).

2019 жылы «қызыл» тізімде түзілген қалдықтардың көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 10 есеге (78,3 тоннаға) және 2018 жылмен салыстырғанда 3 есеге (61,2 тоннаға) артты. «Янтарлы» тізімдегі қалдықтардың көлемі 2019 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 2 есеге (173 211,2 тоннаға) артты, 2018 жылмен салыстырғанда кему байқалады, ол 94 573,8 тоннаны (немесе 22%) құрады. 2019 жылы «жасыл» тізімдегі қалдықтар көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 715 527 тоннаға (немесе 82%) ұлғайды және 2018 жылмен салыстырғанда 23 550,4 тоннаға (немесе 2%) азайды (5.2.2-5.2.4-диаграммалар).


5.2.1-5.2.3-карталарда Ақтөбе облысы бойынша 2019 жылға қауіпті қалдықтардың аса көп көлемі бар ҚОҚ БАЖ объектілері көрсетілген.



5.2.1-кесте. Ақтөбе облысы бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті қалдықтардың қозғалысы (т)

	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Жылдың басында болғаны	4 786 756,6	5 850 197,5	6 487 880,3
Түзілгені	1 027 531,9	2 034 411,4	1 916 348,4
Басқа тұлғалардан түскені	389 906,8	1 861 113,7	3 679 276,1
Қайта өңделгені, қайта пайдаланылғаны, өртелгені	840 531,6	2 287 415,4	3 358 096,7
Залалсыздандырылғаны	18 189,5	21 037,5	5 173,7
Қалдықтарды орналастырудың меншік объектілерінде орналасқаны	353 413,9	473 596,2	362 511,2
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілгені	416 918,2	961 465,6	2 495 376,8
Жыл соңында болғаны	4 946 745,5	6 496 841,7	6 230 031,4


5.2.5 және 5.2.6-диаграммаларда Ақтөбе облысы бойынша 2019 жылғы «қызыл», «яңтарлы» және «жасыл» тізімде түзілген қауіпті қалдықтардың түрлері көрсетілген.



5.2.6-диаграмма
Ақтөбе облысы бойынша 2017-2019 жж. "яңтарлы" тізімде түзілген
қауіпті қалдықтардың басым түрлері, %



5.2.7-диаграмма
Ақтөбе облысы бойынша 2017-2019 жж. "жасыл" тізімде түзілген
қауіпті қалдықтардың басым түрлері, %



5.2.2-кесте. Ақтөбе облысы бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті емес қалдықтардың қозғалысы (т)

	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Қаптауыш материалдар	368,7	2 239,2	383,3
Макулатура	81 929,4	2 239,2	1 615,5
Пластик қалдықтары	58,0	48,2	836,2
Электронды және электр жабдық қалдықтары	27,0	130,9	252,9
Ірі көлемді қалдықтар	10,3	1,3	2,5
Құрылыс қалдықтары	2 044,1	10 139,9	9 883,9


**Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу**


	4,0	2,0	2,0
Қолданыстан шыққан автокөліктер (дана)			
Басқа қалдықтар	4 752,3	127 128,3	103 481,0


2019 жылы Ақтөбе облысы бойынша қаптауыш материалдары қалдықтарының көлемі 2017 жылдың көрсеткіштеріне жақындап, 2018 жылмен салыстырғанда 6 есеге (1 855,9 тоннаға) азайды. Түзілген макулатура көлемінің күрт төмендеуі 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы 79 690,2 тоннаға (немесе 97%) және 2019 жылы 80 313,9 тоннаға (немесе 98%) байқалады. 2019 жылы пластик қалдықтары 2017 жылмен салыстырғанда 14 есеге (778,2 тоннаға) және 2018 жылға қарағанда 17 есеге (788 тоннаға) өсті. Электрондық және электр жабдықтарының қалдықтары есептілік кезеңде 2018 жылмен салыстырғанда 2 есеге (122 тоннаға) және 2017 жылмен салыстырғанда 10 есеге (225,9 тоннаға) ұлғайды. 2019 жылы құрылыс қалдықтарының түзілуі 2017 жылмен салыстырғанда 5 есеге (7 839,8 тоннаға) өсті және 2018 жылмен салыстырғанда 256 тоннаға айтарлықтай төмендеді.

5.2.8-5.2.13-диаграммаларда түзілген қауіпті емес қалдықтардың түрлері көрсетілген.

5.2.4-картада Ақтөбе облысы бойынша қайталама шикізатты қабылдау бекеттері көрсетілген. 5.2.8-5.2.13-диаграммаларда түзілген қауіпті емес қалдықтардың шифры ашып көрсетілген.









2019 жылы Ақтөбе облысы бойынша «А» класындағы медициналық қалдықтардың көлемі 1044,6 м³, «Б» класты – 13 тонна, «В» класты – 0,2 тонна, «Г» класты құрамында сынабы бар заттар - 60 дананы құрады.

Облыс бойынша «Б» және «В» класында түзілген медициналық қалдықтар көлемінің арақатынасы 5.2.14-диаграммада көрсетілген. 2017-2019 жылдардағы түзілген қалдықтар көлемінің төмендеу динамикасы 5.2.15 - 5.2.16-диаграммаларда ұсынылған.


5.2.14-диаграмма
Ақмола облысы бойынша 2019 жылғы түзілген медициналық
қалдықтар көлемінің қатынасы, %



5.2.15-диаграмма
2017-2019жж. Б классында түзілген
медициналық қалдықтардың
көлемі,т




5.2.16-диаграмма
2017-2019 жж. В классында түзілген
медициналық қалдықтардың
көлемі,т



5.2.5-картада облыс бойынша қатты тұрмыстық, қауіпті және қауіпті емес қалдықтарды орналастыруға арналған полигондар бойынша ақпарат ұсынылған.

5.3 Алматы облысы




Есептілік кезеңде Алматы облысы бойынша ҚОҚ БАЖ-ға қалдықтарды түгендеу туралы 1 190 есеп қабылданды, бұл 2018 жылғы есептер санынан 32 бірлікке көп. 40 есеп ҚР ЭГТРМ «ҚОҚ АТО» ШЖҚ РМҚ модераторларымен, 1 150 есеп табиғат пайдаланушылармен өздігімен енгізілді.



ҚОҚ БАЖ деректері бойынша 2019 жылы түзілген қауіпті қалдықтардың жалпы көлемі Алматы облысы бойынша 629 549,4 тоннаны құрады, бұл 2017 жылға қарағанда 96 418,0 тоннаға (немесе 18%) және 2018 жылға қарағанда 4 123,7 тоннаға (немесе 1%) аз. Бұл 2017 жылға қарағанда 3 есеге (17 109,3 тоннаға) көп, бірақ 2018 жылмен салыстырғанда 8 203,2 тоннаға (немесе 24%) аз. 2019 жылы түзілген қауіпті және қауіпті емес қалдықтардың жалпы көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 21%-ға ұлғайды және 2018 жылға қарағанда айтарлықтай азайған жоқ. (5.3.1-диаграмма).

«Қызыл» тізімде түзілген қалдықтар көлемінің өсу динамикасы жоғары емес және жылына 0,5 тоннаны (немесе 50%) құрайды. 2019 жылы «янтарлы» тізімде түзілген қалдықтардың көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 11 725,9 тоннаға (немесе 36%) ұлғайды, 2018 жылмен салыстырғанда 9 472 тоннаны (немесе 27%) құрады. 2019 жылы «жасыл» тізімдегі қалдықтар көлемі 2017 жылға қарағанда 84 690,9 тоннаға (немесе 17%) ұлғайды және 2018 жылмен салыстырғанда 13 596,2 тоннаға (немесе 2%) айтарлықтай азайды (5.3.2-5.3.4-диаграммалар).


5.3.1-5.3.3-карталарда Алматы облысы бойынша 2019 жылға қауіпті қалдықтардың аса көп көлемі бар ҚОҚ БАЖ объектілері көрсетілген.



5.3.1-кесте. Алматы облысы бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті қалдықтардың қозғалысы (т)

	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Жылдың басында болғаны	4 058 075,4	4 506 307,7	5 026 357,9
Түзілгені	533 131,4	633 673,1	629 549,4
Басқа тұлғалардан түскені	19 891,8	31 251,5	67 565,4
Қайта өңделгені, қайта пайдаланылғаны, өртелгені	21 708,2	58 984,0	43 683,8
Залалсыздандырылғаны	0,3	182,9	4,9
Қалдықтарды орналастырудың меншік объектілерінде орналасқаны	3 431 177,2	3 822 410,9	4 221 731,2
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілгені	86 190,5	84 825,7	106 109,7
Жыл соңында болғаны	4 503 199,9	6 496 841,7	5 573 679,2

5.3.5 және 5.3.7-диаграммаларда Алматы облысы бойынша 2019 жылғы «қызыл», «янтарлы» және «жасыл» тізімде түзілген қауіпті қалдықтардың түрлері көрсетілген.



5.3.6-диаграмма
Алматы облысы 2019 жылғы "яңтарлы" тізімде түзілген қауіпті
қалдықтардың басым түрлері, %



5.3.7-диаграмма
Алматы облысы бойынша 2019 жылғы "жасыл" тізімде түзілген
қауіпті қалдықтардың басым түрлері, %



2019 жылы Алматы облысы бойынша қаптауыш материалдары қалдықтарының көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 2 есеге (2 100,9 тоннаға) және 2017 жылмен салыстырғанда 3 есеге дерлік (3 000,8 тоннаға) ұлғайды. Макулатура көлемінің өсуі байқалады және 2017 жылмен салыстырғанда 1 046,3 тоннаны (немесе 80%) және 2018 жылмен салыстырғанда 1 499,7 тоннаны құрады. Пластик қалдықтарының динамикасы 2017 жылмен салыстырғанда 54,3 тоннаға (немесе 14%) және 2019 жылмен салыстырғанда 9,7 тоннаға (немесе 6%) айтарлықтай төмендеуде. 2019 жылы электрондық және электр жабдықтарының қалдықтары 2017 жылмен салыстырғанда 3 есеге дерлікке (15,1 тоннаға) және 2018 жылмен салыстырғанда 2 есеге дерлікке (11,9 тоннаға) ұлғайды. 2019 жылы ірі көлемді қалдықтар 2017 жылмен салыстырғанда 8 есеге (5,5 тоннаға) және 2018 жылмен салыстырғанда 2,3 тоннаға (немесе 33%) өсті. 2019 жылы құрылыс қалдықтарының түзілуі 2018 жылмен салыстырғанда 5 есеге (13 750,7 тоннаға) азайды, 2017 жылмен салыстырғанда 5 есеге (2 821 тоннаға) өсті (5.3.2-кесте).



**Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу**




5.3.2-кесте. Алматы облысы бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті емес қалдықтардың көлемі (т)


	2017 ЖЫЛ	2018 ЖЫЛ	2019 ЖЫЛ
Қаптауыш материалдар	1 436,6	2 336,5	4 437,4
Мақулатура	1 307,7	854,3	2 354,0
Пластик қалдықтары	229,7	185,1	175,4
Электронды және электр жабдық қалдықтары	8,3	11,5	23,4
Ірі көлемді қалдықтар	0,7	3,9	6,2
Құрылыс қалдықтары	606,5	17 178,2	3 427,5
Қолданыстан шыққан автокөліктер (дана)	934,0	10,0	21,0
Басқа қалдықтар	5 130,7	13 463,3	15 405,6

5.3.8-5.3.14-диаграммаларда түзілген қауіпті емес қалдықтардың түрлері көрсетілген.

5.3.4-картада Алматы облысы бойынша қайталама шикізатты қабылдау бекеттері көрсетілген.








2019 жылы Алматы облысы бойынша «А» класындағы медициналық қалдықтардың көлемі 102,4 м³, «Б» класты – 70,7 тонна, «В» класты – 9,44 тонна, «Г» класты құрамында сынабы бар заттар – 286 дананы құрады.

Облыс бойынша «Б» және «В» класында түзілген медициналық қалдықтар көлемінің арақатынасы 5.3.15-диаграммада көрсетілген. 2017-2019 жылдардағы көлемінің динамикасы 5.3.16 - 5.3.17-диаграммаларда берілген.




**Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу**



5.3.5-картада облыс бойынша қатты тұрмыстық, қауіпті және қауіпті емес қалдықтарды орналастыруға арналған полигондар бойынша ақпарат ұсынылған.

5.4 Атырау облысы

Есептілік кезеңде Атырау облысы бойынша ҚОҚ БАЖ-ға қалдықтарды түгендеу туралы 511 есеп қабылданды, бұл 2018 жылғы есептер санынан 96 бірлікке аз. 12 есеп ҚР ЭГТРМ «ҚОҚ АТО» ШЖҚ РМК модераторларымен, 499 есеп табиғат пайдаланушылармен өздігімен енгізілді.




ҚОҚ БАЖ деректері бойынша 2019 жылы түзілген қауіпті қалдықтардың жалпы көлемі Атырау облысы бойынша 469 085,0 тоннаны құрады, бұл 2018 жылға қарағанда 171 588,6 тоннаға (немесе 27%) аз және 2017 жылға қарағанда 82 172,7 тоннаға (немесе 21%) көп. 2019 жылы түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемі 181 068,7 тоннаны құрады. 2017 жылы да 178 174,6 тонна болды, бірақ 2018 жылмен салыстырғанда көлемнің төмендеуі


**Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу**

152,625,7 тоннаны (немесе 46%) құрады. 2019 жылы түзілген қауіпті және қауіпті емес қалдықтардың жалпы көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 15%-ға артты, бірақ 2018 жылға қарағанда 33%-ға азайды (5.4.1-диаграмма).

2019 жылы «қызыл» тізімде түзілген қалдықтар көлемінің 2018 жылға қарағанда 8 есеге (14 тоннаға) және 2017 жылға қарағанда 12 есеге (14,6 тоннаға) күрт өсуі байқалады. 2019 жылы 2017 және 2018 жылдармен салыстырғанда «яңтарлы» тізімдегі қалдықтар көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 15%-ға, 2017 жылмен салыстырғанда (47 601,4 тоннаға) және 2018 жылға қарағанда 44 739,9 тоннаға ұлғайды. 2019 жылы «жасыл» тізімдегі қалдықтар көлемі 2017 жылға қарағанда 34 556,8 тоннаға (немесе 13%) ұлғайды және 2018 жылмен салыстырғанда 216 342,6 (немесе 59%) азайды (5.4.2-5.4.4-диаграммалар).

5.4.1-5.4.3-карталарда Атырау облысы бойынша 2019 жылға қауіпті қалдықтардың аса көп көлемі бар ҚОҚ БАЖ объектілері көрсетілген.





5.4.1-кесте. Атырау облысы бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті қалдықтардың қозғалысы (т)


	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Жылдың басында болғаны	86 803,7	179 493,1	389 388,2
Түзілгені	386 912,3	640 673,6	469 085,0
Басқа тұлғалардан түскені	217 821,5	358 307,2	455 548,8
Қайта өңделгені, қайта пайдаланылғаны, өртелгені	210 029,3	287 475,3	310 095,6
Залалсыздандырылғаны	129 251,4	158 602,4	148 386,0
Қалдықтарды орналастырудың меншік объектілерінде орналасқаны	107 890,9	190 655,3	226 419,7
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілгені	302 015,1	465 204,8	345 159,9
Жыл соңында болғаны	179 493,1	425 793,9	658 766,5

5.4.5 және 5.4.6-диаграммаларда пайыздық қатынаста Атырау облысы бойынша 2019 жылғы «янтарлы» және «жасыл» тізімде түзілген қауіпті қалдықтардың үлесі бөлінген.

5.4.5-диаграмма
Атырау облысы бойынша 2019 жылғы "яңтарлы" тізімде түзілген
қауіпті қалдықтардың басым түрлері, %



5.4.6-диаграмма
Атырау облысы бойынша 2019 жылғы "жасыл" тізімде түзілген
қауіпті қалдықтардың басым түрлері, %



5.4.2-кесте. Атырау облысы бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті емес қалдықтардың қозғалысы (т)

	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Қаптауыш материалдар	2 917,2	14 094,7	3 156,2
Макулатура	1 244,4	3 509,7	3 655,2
Пластик қалдықтары	882,1	1 454,4	12 140,5

**Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу**


Электронды және электр жабдық қалдықтары	57,6	117,4	147,9
Ірі көлемді қалдықтар	0,0	5,2	78,1
Құрылыс қалдықтары	147 046,8	292 370,8	141 741,9
Қолданыстан шыққан автокөліктер (дана)	120	5	0
Басқа қалдықтар	26 026,4	22 142,1	20 148,9

2019 жылы Атырау облысы бойынша қаптауыш материалдары қалдықтарының көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 10 938,5 тоннаға (немесе 78%) және 2017 жылмен салыстырғанда 239,00 тоннаға (немесе 8%) азайды. Есептілік кезеңде макулатура қалдықтары көлемінің өсуі 2017 жылға қарағанда 2 410,8 тоннаны және 2018 жылға қарағанда 145,5 тоннаны (немесе 4%) құрады. 2019 жылы пластик қалдықтары 2017 жылға қарағанда 13 есеге (11 258,4 тоннаға) және 2018 жылға қарағанда 8 есеге (10 686,1 тоннаға) өсті. 2019 жылы электрондық және электр жабдықтарының қалдықтары 2017 жылмен салыстырғанда 3 есеге (90,3 тоннаға) және 2018 жылмен салыстырғанда 30,5 тоннаға (немесе 26%) ұлғайды. 2019 жылы құрылыс қалдықтарының түзілуі 2018 жылмен салыстырғанда шамамен екі есеге (150 628,9 тоннаға) азайды және 2017 жылға қарағанда 5 304,9 тоннаны (немесе 4%) құрады (5.4.2-кесте).

5.4.4-картада Атырау облысы бойынша қайталама шикізатты қабылдау пункттері көрсетілген.

5.4.7-5.4.11-диаграммаларда түзілген қауіпті емес қалдықтардың түрлері көрсетілген.






2019 жылы Атырау облысы бойынша «А» класындағы медициналық қалдықтардың көлемі 349,50 м³, «Б» класты – 11,1 тонна, «В» класты – 0,8 тонна, «Г» класты құрамында сынабы бар заттар – 650 дана, дәрілік заттар – 0,01 л, басқалар – 872 кг құрады.

Облыс бойынша «Б» және «В» класында түзілген медициналық қалдықтар көлемінің арақатынасы 5.4.12-диаграммада көрсетілген. 2017-2019 жылдардағы қалдықтар көлемінің төмендеу және өсім динамикасы 5.4.13 - 5.4.14-диаграммаларда берілген.


5.4.12-диаграмма
Атырау облысы бойынша 2019 жылғы түзілген медициналық
қалдықтар көлемінің қатынасы, %



5.4.13-диаграмма
Атырау облысы бойынша 2017-2019
жж. түзілген медициналық
қалдықтардың көлемі, т



5.4.14-диаграмма
Атырау облысы бойынша
2017-2019 жж.
В классында түзілген медициналық
қалдықтардың көлемі, т



5.4.5-картада облыс бойынша қатты тұрмыстық, қауіпті және қауіпті емес қалдықтарды орналастыруға арналған полигондар бойынша ақпарат ұсынылған.

5.5 Шығыс Қазақстан облысы




Есептілік кезеңде Шығыс Қазақстан облысы бойынша ҚОҚ БАЖ-ға қалдықтарды түгендеу туралы 825 есеп қабылданды, бұл 2018 жылғы есептер санынан 39 бірлікке көп. 294 есеп ҚР ЭГТРМ «ҚОҚ АТО» ШЖҚ РМК модераторларымен, 531 есеп табиғат пайдаланушылармен өздігімен енгізілді.



ҚОҚ БАЖ-дың Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының кіші жүйесінің деректері бойынша 2019 жылы түзілген қауіпті қалдықтардың жалпы көлемі Шығыс Қазақстан облысы бойынша 3 178 011,7 тоннаны құрады, бұл 2017 жылға қарағанда 757 314,5 тоннаға (немесе 31%) және 2018 жылға қарағанда 915 102,6 тоннаға (немесе 40%) көп. 2019 жылы түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемі 2 233 684,6 тоннаны құрады, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 2 206 093,6 тоннаға артық және 2018 жылмен салыстырғанда 4 есеге дерлікке (1 640 011,2 тоннаға) артық. 2019 жылы облыс бойынша түзілген қауіпті және қауіпті емес қалдықтардың жалпы көлемі 2017 жылмен салыстырғанда екі есеге дерлік артық және 2018 жылмен салыстырғанда 89%-ға артты. (5.5.1-диаграмма).

2019 жылы «қызыл» тізімде түзілген қалдықтардың көлемі 4 есеге (22,2 тоннаға) артты және 2018 жылға қарағанда 9 тоннаға (немесе 14%) азайды. 2017-2019 жылдар аралығында «янтарлы» тізімдегі қалдықтар көлемінің өсу динамикасы іс жүзінде өзгерген жоқ. 2019 жылы «жасыл» тізімдегі қалдықтар көлемі 2017 жылға қарағанда 754 231,1 тоннаға (немесе 32%) және 2018 жылмен салыстырғанда 914,407,5 тоннаға (немесе 42%) ұлғайды (5.5.2-5.5.4-диаграммалар).

5.5.1-5.5.3-карталарда Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2019 жылға қауіпті қалдықтардың аса көп көлемі бар ҚОҚ БАЖ объектілері көрсетілген.




5.5.1-кесте. Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті қалдықтардың қозғалысы (т)

	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Жылдың басында болғаны	356 449 603,6	21 637 207,0	22 764 150,7
Түзілгені	2 420 697,2	2 262 909,1	3 178 011,7
Басқа тұлғалардан түскені	248 001,1	204 768,0	172 859,2
Қайта өңделгені, қайта пайдаланылғаны, өртелгені	166 773 512,3	893 947,1	757 864,5
Залалсыздандырылғаны	0,0	447,0	1,6
Қалдықтарды орналастырудың меншік объектілерінде орналасқаны			
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілгені	171 872 424,0	386 028,2	332 459,0
Жыл соңында болғаны	20 472 365,6	22 824 908,8	25 024 698,3

5.5.5 және 5.5.6-диаграммаларда пайыздық қатынаста Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2019 жылғы «янтарлы» және «жасыл» тізімде түзілген қауіпті қалдықтардың түрлері бөлінген.



5.5.6-диаграмма
Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2019 жылғы "жасыл" тізімде
түзілген қауіпті қалдықтардың басым түрлері, %



2019 жылы Шығыс қазақстан облысы бойынша қаптауыш материалдары қалдықтарының көлемі 2017 жылмен салыстырғанда екі есеге (511,4 тоннаға) және 2018 жылмен салыстырғанда 369,9 тоннаға (немесе 58%) ұлғайды. Есептілік кезеңде 2017 жылмен салыстырғанда макулатура қалдықтары көлемінің өсуі байқалмайды, ал 2018 жылға қарағанда 3 есеге (немесе 2 047,7 тоннаға) күрт төмендеуі байқалады. 2018 жылы пластик қалдықтарының көлемі 2017 жылға қарағанда 266,1 тоннаға және 2018 жылға қарағанда 2019 жылы 107,1 тоннаға (немесе 40%) өсті. 2019 жылы электрондық және электр жабдықтарының қалдықтары 2017 жылмен салыстырғанда 8 есеге (86 тоннаға) артты, бірақ 2018 жылмен салыстырғанда 466,3 тоннаға айтарлықтай азайды. Ірі көлемді қалдықтардың көлемі 2018 жылға қарағанда 8,7 тоннаға (немесе 72%) азайды. 2019 жылы құрылыс қалдықтарының түзілуі 2017 жылмен салыстырғанда (16 563,4 тоннаға) және 2018 жылмен салыстырғанда 4 есеге дерлікке (17 841,0 тоннаға) азайды (5.5.2-кесте).

5.5.2-кесте. Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті емес қалдықтардың қозғалысы (т)


	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Қаптауыш материалдар	486,0	627,5	997,4
Макулатура	765,9	2 933,0	885,3
Пластик қалдықтары	3,0	269,1	376,2
Электронды және электр жабдық қалдықтары	11,5	563,8	97,5



**Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу**

Ірі көлемді қалдықтар	0,3	12,2	3,5
Құрылыс қалдықтары	21 729,9	23 007,5	5 166,5
Қолданыстан шыққан автокөліктер (дана)	441	15	2
Басқа қалдықтар	4 594,5	566 260,3	2 226 158,1

5.5.7-5.5.11-диаграммаларда түзілген қауіпті емес қалдықтардың түрлері көрсетілген.

5.5.4-картада Шығыс Қазақстан облысы бойынша қайталама шикізатты қабылдау бекеттері көрсетілген.






**Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу**

2019 жылы Шығыс Қазақстан облысы бойынша «А» класындағы медициналық қалдықтардың көлемі 3 077,5 м³, «Б» класты – 210,2 тонна, «В» класты – 0,5 тонна, «Г» класты құрамында сынабы бар заттар – 1 036 дананы, басқалар – 0,3 кг құрады.

Облыс бойынша «Б» және «В» класында түзілген медициналық қалдықтар көлемінің арақатынасы 5.5.12-диаграммада көрсетілген. 2017-2019 жылдардағы қалдықтар көлемінің төмендеу және өсім динамикасы 5.5.13 - 5.5.14-диаграммаларда берілген.




5.5.5-картада облыс бойынша қатты тұрмыстық, қауіпті және қауіпті емес қалдықтарды орналастыруға арналған полигондар бойынша ақпарат ұсынылған.

5.6 Жамбыл облысы

Есептілік кезеңде Жамбыл облысы бойынша ҚОҚ БАЖ-ға қалдықтарды түгелдеу туралы 569 есеп қабылданды, бұл 2018 жылғы есептер санынан 10 бірлікке көп. 5 есеп ҚР ЭГТРМ «ҚОҚ АТО» ШЖҚ РМК



модераторларымен, 564 есеп табиғат пайдаланушылармен өздігімен енгізілді.




ҚОҚ БАЖ-дың Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының кіші жүйесінің деректері бойынша 2019 жылы пайда болған қауіпті қалдықтардың жалпы көлемі Жамбыл облысы бойынша 582 286,7 тоннаны құрады, бұл 2017 жылға қарағанда 316 284,1 тоннаға (немесе 36%) аз және 2018 жылға қарағанда 1 493 199,4 тоннаға (немесе 72%) аз. 2019 жылы түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемі 13 250 204,1 тоннаны құрады, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 10 119 712,7 тоннаға (немесе 43%) аз және 2018 жылмен салыстырғанда 3 496 149,3 тоннаға (немесе 36%) көп. 2019 жылы облыс бойынша түзілген қауіпті және қауіпті емес қалдықтардың жалпы көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 43%-ға төмендеді, бірақ 2018 жылға қарағанда 17%-ға өсті. (5.6.1-диаграмма).

2019 жылы «қызыл» тізімде түзілген қалдықтардың көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 1,5 тоннаға (немесе 37%) ұлғайды, бірақ іс жүзінде 2018 жылға қарағанда өзгерген жоқ. «Янтарлы» тізімде түзілген қауіпті қалдықтарының көлеміне келер болсақ, есептілік кезеңде көрсеткіш 2017 жылмен салыстырғанда 189 965,5 тоннаға (немесе 42%) төмендеді және 2018 жылмен салыстырғанда 58 618,9 тоннаға (немесе 28%) ұлғайды. 2019 жылы «жасыл» тізімдегі қалдықтар көлемі 2017 жылға қарағанда 126 327,5 тоннаға (немесе 29%) және 2018 жылмен салыстырғанда 1 551 818,4 тоннаға (немесе 84%) төмендеді (5.6.2-5.6.4-диаграммалар).

5.6.1-5.6.3-карталарда Жамбыл облысы бойынша 2019 жылға қауіпті қалдықтардың аса көп көлемі бар ҚОҚ БАЖ объектілері көрсетілген.






5.6.1-кесте. Жамбыл облысы бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті қалдықтардың қозғалысы (т)

	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Жылдың басында болғаны	11 465 946,2	12 042 069,1	12 426 679,4
Түзілгені	898 570,8	2 075 486,1	582 286,7
Басқа тұлғалардан түскені	62 147,1	102 555,6	71 053,7
Қайта өңделгені, қайта пайдаланылғаны, өртелгені	194 440,0	164 107,0	185 466,2
Залалсыздандырылғаны	377,2	700,0	0,0
Қалдықтарды орналастырудың меншік объектілерінде орналасқаны	381 298,2	352 651,0	130 624,1
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілгені	207 132,3	1 626 147,4	220 837,4
Жыл соңында болғаны	12 025 091,9	12 429 856,4	12 673 716,2

5.6.5 және 5.6.6-диаграммаларда Жамбыл облысы бойынша 2019 жылғы «янтарлы» және «жасыл» тізімде түзілген қауіпті қалдықтардың түрлері көрсетілген.




2019 жылы Жамбыл облысы бойынша қаптауыш материалдары қалдықтарының көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 6 971,9 тоннаға және 2018 жылмен салыстырғанда 15 есеге дерлікке (6 632,8 тоннаға) өсті. Макулатура көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 1 114,5 тоннаға (немесе 47%) төмендеді, бірақ 2018 жылға қарағанда 3 есеге дерлікке (852,6 тоннаға) өсті. Есептілік кезеңде пластик қалдықтарының көрсеткіштері 2017 жылға қарағанда 1 216,23 тоннаға (немесе 67%) төмендеді, бірақ 2018 жылмен салыстырғанда өсім 593,5 тоннаны құрады, бұл 90 есеге артық. 2019 жылы электрондық және электр жабдықтарының қалдықтары 2017 жылмен салыстырғанда 2 есеге дерлікке (7 тоннаға) және 2018 жылмен салыстырғанда 9 есеге дерлікке (11 тоннаға) өсті. Ірі көлемді қалдықтардың көлемі 2017-2019 жж. бірдей деңгейде болды. 2019 жылы құрылыс қалдықтарының түзілу көлемдерінің көрсеткіштері 2017 жылға қарағанда 73 есеге (24 451,5 тоннаға және 2018 жылға қарағанда 36 есеге (24 107,5 тоннаға) өсті (5.6.2-кесте).



5.6.2-кесте. Жамбыл облысы бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті емес қалдықтардың қозғалысы (т)


	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Қаптауыш материалдар	497,5	836,6	7 469,4
Макулатура	2 416,6	449,5	1 302,1
Пластик қалдықтары	1 819,5	6,6	603,3
Электронды және электр жабдық қалдықтары	5,6	1,6	12,6
Ірі көлемді қалдықтар	1,6	1,5	1,4
Құрылыс қалдықтары	338,3	682,3	24 789,8
Қолданыстан шыққан автокөліктер (дана)	0	0	0
Басқа қалдықтар	23 364 837,7	9 752 076,8	13 216 025,5

5.6.7-5.6.11-диаграммаларда түзілген қауіпті емес қалдықтардың түрлері көрсетілген.

5.6.4-картада Жамбыл облысы бойынша қайталама шикізатты қабылдау бекеттері көрсетілген.








2019 жылы Жамбыл облысы бойынша «А» класындағы медициналық қалдықтардың көлемі 39 930,40 м³, «Б» класты – 6 774,00 тонна, «В» класты – 85,3 тонна, «Г» класты құрамында сынабы бар заттар – 2 698 дана, дәрілік заттар – 2,1 л құрады.

Облыс бойынша «Б» және «В» класында түзілген медициналық қалдықтар көлемінің арақатынасы 5.6.12-диаграммада көрсетілген. 2017-2019 жылдардағы қалдықтар көлемінің төмендеу және өсім динамикасы 5.6.13 - 5.6.14-диаграммаларда берілген.



**Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу**




5.6.5-картада облыс бойынша қатты тұрмыстық, қауіпті және қауіпті емес қалдықтарды орналастыруға арналған полигондар бойынша ақпарат ұсынылған.

5.7 Батыс Қазақстан облысы


Есептілік кезеңде Батыс Қазақстан облысы бойынша ҚОҚ БАЖ-ға қалдықтарды түгендеу туралы 789 есеп қабылданды, бұл 2018 жылғы есептер санынан 46 бірлікке көп. 105 есеп ҚР ЭГТРМ «ҚОҚ АТО» ШЖҚ РМК модераторларымен, 684 есеп табиғат пайдаланушылармен өздігімен енгізілді.


ҚОҚ БАЖ деректері бойынша 2019 жылы түзілген қауіпті қалдықтардың жалпы көлемі Батыс қазақстан облысы бойынша 173 809,2 тоннаны құрады, бұл 2017 жылға қарағанда 80 889,7 тоннаға (немесе 87%) көп және 2018 жылға қарағанда 28 945,7 тоннаға (немесе 15%) аз. 2019 жылы түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемі 13 566,4 тоннаны құрады, бұл 2017 жылғы көрсеткіштен 4 448,5 тоннаға (немесе 49%) артық және 2018 жылмен салыстырғанда 2 047 тоннаға (немесе 18%) көп. 2019 жылы облыс бойынша түзілген қауіпті және қауіпті емес қалдықтардың жалпы көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 84%-ға өсті, бірақ 2018 жылға қарағанда 13%-ға төмендеді. (5.7.1-диаграмма).



2018-2019 жылдары «қызыл» тізімдегі қалдықтар түзілмеген. 2017 жылы аймақ бойынша бұл көрсеткіш 0,7 тоннаны құрады. «Янтарлы» тізімде түзілген қауіпті қалдықтарының көлеміне келер болсақ, есептілік кезеңдегі көрсеткіш 2017 жылмен салыстырғанда 52 281,5 тоннаға (немесе 75%) өсті және 2018 жылмен салыстырғанда 26 517,0 тоннаға (немесе 18%) төмендеді. 2019 жылы «жасыл» тізімдегі қалдықтардың көлемі 2017 жылға қарағанда екі еседен артыққа (28 608,9 тоннаға) өсті және 2018 жылмен салыстырғанда айтарлықтай 2 428,6 тоннаға (немесе 5%) төмендеді (5.7.2-5.7.4-диаграммалар).

5.7.1-5.7.3-карталарда Батыс Қазақстан облысы бойынша 2019 жылға қауіпті қалдықтардың аса көп көлемі бар ҚОҚ БАЖ объектілері көрсетілген.





5.7.1-кесте. Батыс Қазақстан облысы бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті қалдықтардың қозғалысы (т)

	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Жылдың басында болғаны	307 451,7	339 906,4	356 586,9
Түзілгені	92 919,5	202 754,9	173 809,2
Басқа тұлғалардан түскені	61 014,1	38 221,1	29 872,3
Қайта өңделгені, қайта пайдаланылғаны, өртелгені	51 391,3	89 442,3	90 431,2
Залалсыздандырылғаны	3 330,8	169,0	125,6
Қалдықтарды орналастырудың меншік объектілерінде орналасқаны	25 631,6	31 579,7	40 593,2
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілгені	71 836,1	133 411,1	94 304,9
Жыл соңында болғаны	338 158,0	358 029,0	375 532,4

5.7.5 және 5.7.6-диаграммаларда пайыздық қатынаста Батыс Қазақстан облысы бойынша 2019 жылғы «яңтарлы» және «жасыл» тізімде түзілген қауіпті қалдықтардың үлесі бөлінген.



5.7.2-кесте. Батыс Қазақстан облысы бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті емес қалдықтардың қозғалысы (т)

	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Қаптауыш материалдар	901,5	1 162,40	645,9
Макулатура	632,3	1 643,80	1 812,4



**Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу**

Пластик қалдықтары	51,3	287,1	343,6
Электронды және электр жабдық қалдықтары	86,7	106,2	100,0
Ірі көлемді қалдықтар	1,7	30,3	2,0
Құрылыс қалдықтары	3 529,00	5 455,70	6 188,9
Қолданыстан шыққан автокөліктер (дана)	2	21	8
Басқа қалдықтар	3 915,40	2 833,80	4 473,7



2019 жылы Батыс Қазақстан облысы бойынша қаптауыш материалдары қалдықтарының көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 255,6 тоннаға (немесе 29%) және 2018 жылмен салыстырғанда 516,5 тоннаға (немесе 45%) төмендеді. Макулатура көлемі 2017 жылмен салыстырғанда (1 180,1 тоннаға) және 2018 жылмен салыстырғанда 168,64 тоннаға (немесе 10%) өсті. Есептілік кезеңде пластик қалдықтарының көрсеткіштері 2017 жылға қарағанда 7 есе дерлікке (292,3 тоннаға) және 2018 жылмен салыстырғанда 56,5 тоннаға (немесе 20%) өсті. 2019 жылы электрондық және электр жабдықтарының қалдықтары бойынша 2017 жылғы деңгейге қатысты 13,3 тоннаға (немесе 15%) ұлғая және 2018 жылғы деңгейге қатысты көлемдердің 6,2 тоннаға (немесе 6%) азаюы байқалады. 2019 жылы ірі көлемді қалдықтардың көлемі 2017 жылдың көрсеткішіне жақындады, бірақ 2018 жылдың көрсеткішіне қарағанда 15 есеге дерлікке (28 тоннаға) төмендеді. 2019 жылы құрылыс қалдықтарының түзілу көлемдерінің көрсеткіштері 2017 жылға қарағанда 2 659,85 тоннаға (немесе 75%) және 2018 жылға қарағанда 733,15 тоннаға (немесе 13%) өсті (5.7.2-кесте).

5.7.7-5.7.11-диаграммаларда облыс бойынша 2019 жылы түзілген қауіпті емес қалдықтардың түрлері көрсетілді.

5.7.4-картада Батыс Қазақстан облысы бойынша қайталама шикізатты қабылдау бекеттері көрсетілген.



Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу





2019 жылы Батыс Қазақстан облысы бойынша «А» класындағы медициналық қалдықтардың көлемі 824,30 м³, «Б» класы – 8,6 тонна, «В» класы – 0,5 тонна, «Г» класы құрамында сынабы бар заттар – 457 дананы құрады.

Облыс бойынша «Б» және «В» класында түзілген медициналық қалдықтар көлемінің арақатынасы 5.7.12-диаграммада көрсетілген. 2017-2019 жылдардағы қалдықтар көлемінің төмендеу және өсім динамикасы 5.7.13 - 5.7.14-диаграммаларда берілген.



**Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу**




5.7.5-картада облыс бойынша қатты тұрмыстық, қауіпті және қауіпті емес қалдықтарды орналастыруға арналған полигондар бойынша ақпарат ұсынылған.

5.8 Қарағанды облысы


Есептілік кезеңде Қарағанды облысы бойынша ҚОҚ БАЖ-ға қалдықтарды түгендеу туралы 1054 есеп қабылданды, бұл 2018 жылғы есептер санынан 135 бірлікке көп. 24 есеп ҚР ЭГТРМ «ҚОҚ АТО» ШЖҚ РМК модераторларымен, 1030 есеп табиғат пайдаланушылармен өздігімен енгізілді.

ҚОҚ БАЖ-дың Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының кіші жүйесінің деректері бойынша 2019 жылы түзілген қауіпті қалдықтардың жалпы көлемі Қарағанды облысы бойынша 13 885 017,0 тоннаны құрады, бұл 2017 жылға қарағанда 1 725 160,7 тоннаға (немесе 14%) және 2018 жылға қарағанда 2 219 929,5 тоннаға (немесе 19%) артық. 2019 жылы түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемі 97 542,0 тоннаны құрады, бұл 2017 жылғы көрсеткіштен 51 572,9 тоннаға (немесе 35%) аз және 2018 жылмен салыстырғанда 81,940,2 тоннаға (немесе 46%) аз. 2019 жылы облыс бойынша түзілген қауіпті және қауіпті емес қалдықтардың жалпы көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 14%-ға және 2018 жылмен салыстырғанда 18%-ға өсті. (5.8.1-диаграмма).





2019 жылы қаптауыш материалдарының түзілген қалдықтарының көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 3 еседен артыққа (1 312,4 тоннаға) өсті, ал 2018 жылға қарағанда 505,51 тоннаға (21%) азайды. Макулатура көлемі 2017 жылға қарағанда 174,9 тоннаға (52%) және 2018 жылға қарағанда 3 есеге дерлікке (321,6 тоннаға) өсті. Есептілік кезеңде пластик қалдықтарының көрсеткіштері 2017 жылғы көрсеткіштерге қарағанда 3 931,0 тоннаға ұлғайды және 2018 жылға қарағанда 5 438,53 тоннаға (58%) азайды. Электрондық және электр жабдықтарының түзілген қалдықтарының көлемі 2019 жылы 2017 жылға қарағанда 55,6 тоннаға (89%) және 2018 жылға қарағанда 176,7 тоннаға (96%) төмендеді. Ірі көлемді қалдықтардың көлемі 2019 жылы 2017 жылға қарағанда 46,2 тоннаға және 2018 жылға қарағанда 45,6 тоннаға ұлғайды. 2019 жылы түзілген құрылыс қалдықтарының көлеміне келер болсақ, көрсеткіш 2017 жылға қарағанда 235,81 тоннаға (13%) өсті, бірақ 2018 жылға қарағанда 2 008,89 тоннаға (50%) төмендеді (5.15.2-кесте).

5.15.6-5.15.11-диаграммаларда түзілген қауіпті емес қалдықтардың түрлері көрсетілген.

5.15.2-картада Шымкент қаласы бойынша қайталама шикізатты қабылдау бекеттері көрсетілген.







2019 жылы Шымкент қаласы бойынша «А» класындағы медициналық қалдықтардың көлемі 642,90 м³, «Б» класты – 29,7 тонна, «Г» класты құрамында сынабы бар заттар – 149 дананы құрады.

5.16 Алматы қаласы



Есептілік кезеңде Алматы қаласы бойынша ҚОҚ БАЖ-ға қалдықтарды түгендеу туралы 885 есеп қабылданды, бұл 2018 жылғы есептер санынан 112 бірлікке көп. Барлық 885 есеп табиғат пайдаланушылармен өздігімен енгізілді.




ҚОҚ БАЖ-дың Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының кіші жүйесінің деректері бойынша 2019 жылы түзілген қауіпті қалдықтардың жалпы көлемі Алматы қаласы бойынша 1 163 104,9 тоннаны құрады, бұл 2017 жылға қарағанда 119 693,94 тоннаға (10%) және 2018 жылдың деңгейіне қарағанда 134 149,26 тоннаға (10%) аз. 2019 жылы түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемі 66 554,2 тоннаны құрады, бұл 2017 жылғы көрсеткіштерге қарағанда 6 625,12 тоннаға (10%) және 2018 жылғы көрсеткіштерге қарағанда 1 086 920,8 тоннаға (95%) аз. Облыс бойынша түзілген қауіпті және қауіпті емес қалдықтардың жалпы көлемі 2019 жылы 2017 жылға қарағанда 10%-ға өсті және 2018 жылға қарағанда 50%-ға төмендеді (5.16.1-диаграмма).

5.16.1-картада Алматы қаласы бойынша 2019 жылға қауіпті қалдықтардың аса көп көлемі бар ҚОҚ БАЖ объектілері көрсетілген.

Есептілік кезеңде «қызыл» тізімде қауіпті қалдықтар түзілмеген. 2017-2018 жылдары көлем 0,1 тоннаны құрады. 2019 жылы «яңтарлы» тізімде түзілген қауіпті қалдықтардың көлемі 2017 жылғы деңгейге қарағанда 16 641,7 тоннаға (62%) және 2018 жылға қарағанда 15 108,4 тоннаға (59%) азайды. 2019 жылы «жасыл» тізімдегі қалдықтардың көлемі 2017 жылғы деңгейге қарағанда 136 335,7 тоннаға (14%) ұлғайды және 2018 жылға қарағанда 119 040,9 тоннаға (10%) төмендеді (5.16.2-5.16.4 диаграммалар).






5.16.1-кесте. Алматы қаласы бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті қалдықтардың қозғалысы (т)


	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Жылдың басында болғаны	5 790 399,8	6 729 227,9	6 066 814,8
Түзілгені	1 043 411,0	1 297 254,2	1 163 104,9
Басқа тұлғалардан түскені	177 885,1	239 472,9	326 951,9
Қайта өңделгені, қайта пайдаланылғаны, өртелгені	197 612,9	259 965,1	311 037,1
Залалсыздандырылғаны	1,5	77,4	69,5
Қалдықтарды орналастырудың меншік объектілерінде орналасқаны	958 251,0	991 773,1	6 836 510,9
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілгені	84 884,1	1 923 408,1	159 788,1
Жыл соңында болғаны	6 729 199,0	6 082 581,8	7 086 046,5

5.16.5 және 5.16.6-диаграммаларда пайыздық қатынаста Алматы қаласы бойынша 2019 жылғы «яңтарлы» және «жасыл» тізімде түзілген қауіпті қалдықтардың түрлері көрсетілген.

5.16.5-диаграмма
Алматы қаласы бойынша 2019 жылғы "яңтарлы" тізімде түзілген қауіпті қалдықтардың басым түрлері, %



5.16.6-диаграмма
Алматы қаласы бойынша 2019 жылғы "жасыл" тізімде түзілген қауіпті қалдықтардың басым түрлері, %



5.16.2-кесте. Алматы қаласы бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті емес қалдықтардың қозғалысы (т)


	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Қаптауыш материалдар	14 450,20	2 980,10	2 581,9
Макулатура	25 207,20	146 694,00	14 472,8
Пластик қалдықтары	877,5	277,7	344,9
Электронды және электр жабдық қалдықтары	32,6	1 327,10	91,7
Ірі көлемді қалдықтар	9,6	2 580,60	38,2
Құрылыс қалдықтары	20 484,30	13 938,50	9 456,0
Қолданыстан шыққан автокөліктер (дана)	14	5	1

Басқа қалдықтар	12 117,90	985 677,10	39 568,6
------------------------	-----------	------------	----------

2019 жылы қаптауыш материалдарының түзілген қалдықтарының көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 11 868,29 тоннаға (82%) төмендеді, ал 2018 жылға қарағанда 398,2 тоннаға (13%) азайды. Макулатура көлемі 2017 жылға қарағанда 10 734,36 тоннаға (43%) және 2018 жылға қарағанда 132 221,16 тоннаға (90%) төмендеді. Есептілік кезеңде пластик қалдықтарының көрсеткіштері 2017 жылғы көрсеткіштерге қатысты 532,6 тоннаға (61%) төмендеді, бірақ 2018 жылға қарағанда 67,2 тоннаға (24%) ұлғайды. 2019 жылы электрондық және электр жабдықтарының түзілген қалдықтарының көлемі 2017 жылға қарағанда 3 есеге дерлікке (59,1 тоннаға) өсті, бірақ 2018 жылға қарағанда 1 235,44 тоннаға (99%) төмендеді. Ірі көлемді қалдықтардың көлемі 2019 жылы 2017 жылға қарағанда 4 есеге (28,6 тоннаға) өсті, 2018 жылға қарағанда 2 542,4 тоннаға (99%) төмендеді. Түзілген құрылыс қалдықтарының көлеміне келер болсақ, 2019 жылы көрсеткіш 2017 жылға қарағанда 11 028,32 тоннаға (54%) және 2018 жылға қарағанда 4 482,5 тоннаға (32%) азайды (5.16.2-кесте).

5.16.7-5.15.12-диаграммаларда түзілген қауіпті емес қалдықтардың түрлері көрсетілген.

5.16.2-картада Алматы қаласы облысы бойынша қайталама шикізатты қабылдау бекеттері көрсетілген.









2019 жылы Алматы қаласы бойынша «А» класындағы медициналық қалдықтардың көлемі 1 133,30 м³, «Б» класты – 1 264,54 тонна, «В» класты – 3 033,67 тонна, «Г» класты құрамында сынабы бар заттар – 4 774 дана, «Г» класындағы басқа қалдықтар – 4,94 кг құрады.

Облыс бойынша «Б» және «В» класында түзілген медициналық қалдықтар көлемінің арақатынасы 5.16.13-диаграммада, 2017-2019 жылдардағы көлемнің төмендеу және өсім динамикасы 5.16.14 - 5.16.15-диаграммаларда берілген.


5.16.13-диаграмма
Алматы қаласы бойынша 2019 жылғы түзілген медициналық
қалдықтар көлемінің қатынасы, %



5.16.14-диаграмма
Алматы қаласы бойынша 2017-2019
жж. Б классында түзілген
медициналық қалдықтар көлемі, т



5.16.15-диаграмма
Алматы қаласы бойынша 2017-2019
жж. В классында түзілген
медициналық қалдықтардың
көлемі, т



5.17 Нұр-Сұлтан қаласы



Есептілік кезеңде Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ҚОҚ БАЖ-ға қалдықтарды түгендеу туралы 559 есеп қабылданды, бұл 2018 жылғы есептер санынан 39 бірлікке көп. 27 есеп ҚР ЭГТРМ «ҚОҚ АТО» ШЖҚ РМК модераторларымен, 572 есеп табиғат пайдаланушылармен өздігімен енгізілді.



ҚОҚ БАЖ-дың Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының кіші жүйесінің деректері бойынша 2019 жылы түзілген қауіпті қалдықтардың жалпы көлемі Нұр-сұлтан қаласы бойынша 1 706 332,2 тоннаны құрады, бұл 2017 жылға қарағанда 290 352,8 тоннаға (20%) және 2018 жылға қарағанда 85 294,6 тоннаға (5%) көп. 2019 жылы түзілген қауіпті емес қалдықтардың көлемі 407 667,1 тоннаны құрады, бұл 2017 жылғы көрсеткіштен 2 есеге артық (253 609,7 тоннаға) және 2018 жылғы көрсеткіштен (247 807,8 тоннаға) көп. Түзілген қауіпті және қауіпті емес қалдықтардың жалпы көлемі 2019 жылы 2017 жылға қарағанда 26%-ға және 2018 жылға қарағанда 16%-ға ұлғайды (5.17.1-диаграмма).

5.15.1-картада Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 2019 жылға қауіпті қалдықтардың аса көп көлемі бар ҚОҚ БАЖ объектілері көрсетілген.

Есептілік кезеңде «қызыл» тізімдегі қауіпті қалдықтар түзілмеген, көлем 2017 жылы 126,6 тоннаны және 2018 жылы 15,6 тоннаны құрады. «Янтарлы» тізімде түзілген қауіпті қалдықтардың көлеміне келер болсақ, 2019 жылғы көрсеткіш 2017 жылға қарағанда 3 264,9 тоннаға (35%) және 2018 жылға қарағанда 8 028,4 тоннаға (57%) төмендеді. 2019 жылы «жасыл» тізімдегі қалдықтардың көлемі 2017 жылға қарағанда 293 744,3 тоннаға (21%) және 2018 жылға қарағанда 93 338,5 тоннаға (6%) өсті (5.17.2-5.17.4 диаграммалар).




**5.17.1-кесте. Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 2017-2019 жылдардағы
қауіпті қалдықтардың қозғалысы (т)**


	2017 ЖЫЛ	2018 ЖЫЛ	2019 ЖЫЛ
Жылдың басында болғаны	24 594 547,80	25 932 071,00	27 503 631,4
Түзілгені	1 415 979,20	1 621 037,40	1 706 332,0
Басқа тұлғалардан түскені	27 336,90	2 879 022,80	203 771,7
Қайта өңделгені, қайта пайдаланылғаны, өртелгені	3 903,80	2 792 796,00	244 531,4
Залалсыздандырылғаны	12 975,30	32 198,30	3 028,0
Қалдықтарды орналастырудың меншік объектілерінде орналасқаны	1 327 023,40	1 558 565,90	187 983 748,1
Тараптық ұйымдарға, кәсіпорындарға берілгені	101 007,50	136 090,60	77 034,2
Жыл соңында болғаны	25 932 952,50	27 503 244,70	29 092 169,5

5.17.5 және 5.17.6-диаграммаларда пайыздық қатынаста Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 2019 жылғы «янтарлы» және «жасыл» тізімде түзілген қауіпті қалдықтардың үлесі бөлінген.

5.17.5-диаграмма
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 2019 жылғы "яңтарлы" тізімде түзілген
қауіпті қалдықтардың басым түрлері, %



5.17.6-диаграмма
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 2019 жылғы "жасыл" тізімде түзілген
қауіпті қалдықтардың басым түрлері, %



5.17.2-кесте. Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 2017-2019 жылдардағы қауіпті емес қалдықтардың қозғалысы (т)

	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Қаптауыш материалдар	4 420,90	3 675,60	3 136,2
Макулатура	1 991,40	10 644,70	183 285,3
Пластик қалдықтары	447,2	429,6	48 636,9
Электронды және электр жабдық қалдықтары	9 860,80	110,7	240,8
Ірі көлемді қалдықтар	596,5	605,6	71 315,1
Құрылыс қалдықтары	119 944,30	125 160,10	95 706,9


**Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу**



Қолданыстан шыққан автокөліктер (дана)	119	10	0,0
Басқа қалдықтар	16 796,40	19 233,00	5 345,9


2019 жылы түзілген қаптауыш материалдарының көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 1 284,7 тоннаға (29%) және 2018 жылға қарағанда 539,4 тоннаға (15%) азайды. Макулатураның түзілген қалдықтары көлемінің күрт өсуі есептілік кезеңде байқалады және 2017 жылға қатысты 181 293,86 тоннаны және 2018 жылға қатысты 17 264,56 тоннаны құрады. Пластик қалдықтарының көрсеткіштері 2019 жылы 2017 жылғы деңгейге қарағанда 48 189,7 тоннаға, 2018 жылы 48 207,3 тоннаға ұлғайды. Электрондық және электр жабдықтарының түзілген қалдықтарының көлемі 2019 жылы 2017 жылға қарағанда 9 619,9 тоннаға (98%) азайды және 2018 жылғы деңгейге қарағанда 2 еседен астамға (130,1 тоннаға) ұлғайды. Ірі көлемді қалдықтардың көлемі 2019 жылы 2017 жылға қарағанда 70 718,6 тоннаға және 2018 жылға қарағанда 70 709,5 тоннаға ұлғайды. 2019 жылы түзілген құрылыс қалдықтарының көлемі 2017 жылға қарағанда 24 237,44 тоннаға (20%) және 2018 жылға қарағанда 29 453,24 тоннаға (24%) азайды (5.17.2-кесте).

5.17.7-5.17.12-диаграммаларда түзілген қауіпті емес қалдықтардың түрлері көрсетілген.

5.17.2-картада Нұр-Сұлтан қаласы бойынша қайталама шикізатты қабылдау бекеттері көрсетілген.









2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласы бойынша «А» класындағы медициналық қалдықтардың көлемі 13 574,00 м³, «Б» класты – 80159,23 тонна, «В» класты – 0,46 тонна, «Г» класты құрамында сынабы бар заттар – 7 967 дана, дәрілік заттар – 6,29 л, басқа қалдықтар – 64,28 кг құрады.

Облыс бойынша «Б» және «В» класында түзілген медициналық қалдықтар көлемінің арақатынасы 5.17.13-диаграммада, 2017-2019 жылдарда көлемнің төмендеу және өсім динамикасы 5.17.14 - 5.17.15-диаграммаларда берілген.


6.17.13-диаграмма
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 2019 жылғы түзілген медициналық қалдықтар көлемінің қатынасы, %



5.17.14-диаграмма
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 2017-2019 жж. Б классында түзілген медициналық қалдықтардың көлемі, т




5.17.15-диаграмма
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 2017-2019 жж. В классында түзілген медициналық қалдықтардың көлемі, т



6. Табиғат пайдаланушылар санын талдау

Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрын жүргізуді ұйымдастырған сәттен бастап табиғат пайдаланушылар саны 3 есеге артты, яғни 2019 жылы 20 605 бірлікті құрады (2017 жылы – 6 830 бірлік, 2018 жылы – 16 790 бірлік) (6.1-диаграмма).



6.2-диаграммада 2016-2019 жылдар аралығында есептерді ұсынған табиғат пайдаланушылар мен есептер саны көрсетілген.



ҚОҚ БАЖ деректеріне сәйкес 2018 жылы ұсынылған қалдықтарды түгендеу жөніндегі есептердің басым бөлігі Солтстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Ақтөбе және Алматы облыстарының табиғат пайдаланушыларымен ұсынылған. Табиғат пайдаланушылардың Орхус конвенциясы мен ҚР ЭК талаптарына сәйкес ақпарат ұсынуға ялелсенді қатысуы байқалады.

6.1-картада 2019 жылға қалдықтарды түгендеу бойынша есептерді ұсынған ҚР аймақтары бөлінісінде табиғат пайдаланушыларға қатысты статистика келтірілген.

7. Полигондарды талдау және қалдықтарды орналастыру

ҚОҚ БАЖ-да қалдықтарды орналастыру орындарының жалпы саны 31 214 құрайды, оның ішінде қалдықтарды уақытша орналастыруға арналған объектілер – 28 275, ТҚҚ орналастыруға арналған полигондар – 2 544, қауіпті қалдықтарды орналастыруға арналған полигондар – 146, қауіпті емес қалдықтарды орналастыруға арналған полигондар – 248, өнеркәсіптік қалдықтарды орналастыруға арналған полигондар-1.

7.1-картада ҚОҚ БАЖ тіркелген қолданыстағы қауіпті, қауіпті емес және тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыру туралы ҚР өңірлері бөлігіндеші ақпарат көрсетілген.

ҚОҚ БАЖ полигондарының ең көп саны Солтүстік Қазақстан облысына 344, Қостанай облысына 333 және Алматы облысына 330 полигон тиесілі. Тіркелген 1 844 кадастрлық істің 359 - ы Қостанай облысында, 225 – і Жамбыл облысында және 204-і Түркістан облысында тіркелген.

2019 жылы қауіпті қалдықтарды өз объектілерінде орналастыру көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 3 еседен астамға 241 095,27 тоннаға және 2017 жылмен салыстырғанда 212 378,5 тоннаға жуыққа өсті (7.1.-диаграмма). Қауіпті емес қалдықтарды орналастыру көлемдеріне келер болсақ, 2019 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 27 715,9 тоннаны (16%) және 2017 жылмен салыстырғанда 10 423,9 тоннаны (5%) құрады.



Қалдықтарды орналастырудың 2 939 объектісінің кадастрлық істерді жүргізуді талдай отырып, кадастрлық істер тек 1 844-те ғана жүргізіледі, яғни бұл тек 63%. Болашақта мұндай сәйкессіздікті алып тастау керек. ҚОҚ БАЖ кадастрлық істерінің жалпы санынан қалдықтарды қоймалауға және жоюға жер учаскесін бөлу туралы ЖАО шешімі бар 1 320 кадастрлық іс-бұл 72%. Жер учаскесінің шекарасын белгілеу және жер учаскесіне құқық белгілейтін құжатты беру туралы анықтама 1 335 кадастрлық іс – 72%. 182 кадастрлық істе қалдықтарды орналастыру объектілерін құрудың техникалық-экономикалық негіздемесі бар, бұл небәрі 10%-ды құрайды. 1 299 кадастрлық істің мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы-70%. 672 кадастрлық істің мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық сараптама қорытындысы-36%. Осыған байланысты кадастрлық істерді ҚР СК 154-бабына сәйкес қажетті құжаттамамен толықтыру талап етіледі.

Экологиялық нормаларға сәйкес келетін полигондардың ең аз үлесі Батыс Қазақстан (полигондардың жалпы санының 0,96%-ы-208), Павлодар (336 полигонның 1,49%-ы) және Қызылорда (145 полигонның 2,76%-ы) облыстарында. Астанадағы барлық полигондар (1 полигон), Шымкент (1 полигон) және Жамбыл облысындағы полигондар (162 полигон) экологиялық нормаларға сәйкес келеді.

Министрлікпен «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ-мен бірлесіп қалдықтарды орналастыру орындарының ғарыштық мониторингін жолға қойылды. 2019 жылы 9 229 рұқсат етілмеген қоқыс үйіндісі анықталды, 2 590 қоқыс үйіндісі жойылды, бұл анықталған қоқыс үйінділерінің 28%-ын құрайды (2018 ж.- 4%). 2019 жылы кәдеге жаратылған қалдықтардың жалпы көлемі 389 мың тоннадан асты.

8. Дамыту перспективалары

8.1 Ақпараттық қамтамасыз етуді және техникалық инфрақұрылымды жетілдіру, саланы дамыту және ағымдағы проблемаларды шешу бойынша ұсынымдар.

Қазіргі уақытта өндіріс және тұтыну қалдықтарының түзілуі мен жинақталуы басты экологиялық проблемалардың бірі болып табылады. Бүкіл әлемде қалдықтарды өндіру оларды қайта өңдеу және залалсыздандыру қарқынынан оза отырып, өсуде.

Соңғы жүзжылдықта бүкіл әлемде қалдықтардың түзілуіне байланысты проблемалар кешені ушығып кетті. Экологиялық шиеленістің күшеюіне қалдықтар санының жыл сайын көбеюі ғана емес, оларды қайта өңдеудің және экологиялық қауіпсіз жоюдың дамыған жүйесінің болмауы да ықпал етеді. Бұл ретте қалдықтарды шаруашылық қызметке тарту дәрежесі өте аз, қалдықтармен жұмыс істеу және олардың айналымын реттеу саласындағы халықаралық тәжірибе жеткіліксіз пайдаланылады.

Біздің қоғамның қалдықтармен жұмыс істеу мәдениеті өте төмен деңгейде. Адамдарды қалдықтарды сұрыптауға сендіру үшін үлкен

әлеуметтік жұмыс жүргізілуде, бірақ егер ол әрекет ете бастамаса және нәтиже әкелмесе, онда қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнаманы қайта қарастыру туралы ойлану керек.

Табиғат пайдаланушылармен қалдықтардың барлық түрлерінің түзілу кезеңінде дұрыс сұрыптау саланың жылдам дамуына ықпал етеді, себебі басқа елдермен салыстырғанда қозғалыс қарқыны өте аз. Осыған байланысты мемлекет осы бағытта жұмыс істейтін барлық қатысушылар үшін барлық жағдайды жасауы қажет.

Қалдықтарды сұрыптаумен, қайта өңдеумен, кәдеге жаратумен, өңдеумен, залалсыздандырумен айналысатын кәсіпкерлер үшін салық салудың тиімді шарттары бар арнайы салық режимін құру, сондай-ақ осы санаттағы кәсіпкерлерді қалдықтарды қайта өңдеу нәтижесінде өндірілетін тауарларға мемлекеттік тапсырыс және ірі ұлттық компаниялардың тапсырыстары бөлігінде қолдау қажет.

Кез келген өндіруші және тұтынушы сала есепке алуды қажет етеді. Осылайша, 2016 жылы ҚОҚ БАЖ-да өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры іске асырылды, бұл саланы дамытудағы үлкен қадам болды. Қалдықтардың мемлекеттік кадастрына деректердің ақпараттылығы мен шынайылығы үшін үлкен жауапкершілік жүктелген. Оң нәтижелерге қол жеткізу үшін электрондық форматқа толық көшу жолымен есептерді тапсыру жүйесін оңайлату ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 11 шілдедегі №312 бұйрығына сәйкес қалдықтармен жұмыс істеуді жүзеге асыратын тұлғалар және қауіпті қалдықтарды өндірушілер бекітілген нысан бойынша «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу журналында» өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алуды жүргізеді. Бүгінгі күні журналдар қағаз нысанда толтырылады және жүргізіледі, олардың деректеріне сәйкес қалдықтарды түгендеу есептері тапсырылады. ҚОҚ БАЖ-ды ақпараттық қамтамасыз етуді жетілдіру мақсатында «Қалдықтарды есепке алу журналының» цифрлық нысанын әзірлеу және енгізу қажет.

Орхус конвенциясының мақсаты қазіргі және болашақ ұрпақтың денсаулығы мен әл-ауқаты үшін қолайлы қоршаған ортада өмір сүру құқығын қорғауға жәрдемдесу болып табылады, әрбір Тарап Конвенцияның ережелеріне сәйкес экологиялық ақпаратқа қол жеткізу, қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу үшін шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы құқығына кепілдік береді.

Конвенцияның анықтамасы бойынша экологиялық ақпарат қоршаған орта элементтерінің жай-күйі туралы жазбаша, аудиовизуалды, электронды немесе кез келген өзге де материалдық нысандағы кез келген ақпаратты, мысалы, ауа және атмосфера, су, топырақ, жер, ландшафт және табиғи объектілер, генетикалық өзгертілген организмдерді қоса алғанда, биологиялық әртүрлілік және оның компоненттері және осы элементтер арасындағы өзара іс-қимылды білдіреді.

8.2 Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры бойынша жұмыстарды жетілдіруге қатысты ұсынымдарды ұсыныстар

ҚОҚ БАЖ-ды жетілдіру үшін келесі іс-шараларды орындау ұсынылады:

- порталдың мобилді нұсқасын аяқтау;
- әртүрлі көрсеткіштерді қолдана отырып, карта жасау құралын қосу арқылы «Картография» бөлімін модификациялауды қарастыру;
- облыстар, кәсіпорындар бөлінісінде, республика бойынша тұтастай алғанда қалдықтар кадастрының негізгі көрсеткіштері бойынша динамикасын көрсететін инфографиканы қосу арқылы аналитикалық ішкі жүйені кеңейту;
- «өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу журналының» цифрлық нысанын әзірлеу және енгізу;
- пайдаланушыларға қалдықтарды түгендеу туралы есептердің уақтылы тапсыру туралы ескертулерді автоматты түрде тарату функциясын қосу;
- қалдықтар кадастры мәселелерімен қоса қалдықтарды басқару мәселелері бойынша практикалық семинарларды, өткізу мүмкіндігін қарастыру;
- инфографика мен картографияны қолдана отырып, қалдықтар кадастрын жүргізу нәтижелері бойынша ақпараттық шолудың веб-парағын әзірлеу;
- қалдықтарды орналастыру орындарының ғарыштық мониторингі бойынша «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ геопорталынан, ірі қалаларда рұқсат етілмеген апатты үйінділердің түзілуін азайту мониторингісінің суреттерін қабаттастыруды қамтамасыз ету;
- табиғат пайдаланушылардың қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алуға өтінімдерін қабылдау кезінде қалдықтарды сақтау мен көмуді көлемін келісу тұрғысында ҚОҚ БАЖ жүйесін пайдалану мүмкіндігін қарастыру (Испанияның Ұлттық рұқсаттар тізімі мысалы бойынша);
- ҚР Денсаулық сақтау министрлігі ТҚҚ жинаудың жалпы жүйесінде медициналық қалдықтарды жинау үшін арнайы контейнерлер орнату, сондай-ақ қалдықтардың меншік иелерінің санын және медициналық қалдықтармен жұмыс істеу бойынша ұсынылатын есептерді ұлғайту жөнінде жұмыстарды жүргізуі қажет;
- ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне ескірген пестицидтерді түгендеу мүмкіндігін қарастыру.

Осылайша, өндіріс және тұтыну қалдықтарының есебі маңызды өзгерістер мен түзетулерге ұшырайды. Аталған тәсілдер Қалдықтардың мемлекеттік кадастрының жаңа форматқа көшуінің техникалық мүмкіндігін ескере отырып жүйеде уақытылы көрініс табуы қажет.

8.3 Қалдықтарды тасымалдауға GPS-бақылау

Қауіпті жүктер мен қалдықтарды тасымалдау кезінде апат болу қаупі бар, одан сіз еш сақтандырыла алмайсыз. Сондықтан, Қазақстан

Республикасы аумағындағы қауіпті қалдықтардың қозғалысын бақылау жақын болашақта басым міндетке айналуы қажет.

2015 жылғы 1 қаңтарда шұғыл жедел қызметтерді шақыру құрылғыларымен көлік құралдарын жинақтау бойынша «Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» КО ТР 018/2011 Техникалық Одақтың регламентіне сәйкес көлік құралдарын шұғыл жедел қызметтерді шақыру құрылғыларымен жинақтау нормалары күшіне енді.

2016 жылдан бастап шұғыл жедел қызметтерді шақыру құрылғыларын (ШЖШҚ) жарақтандыруға салмағы 2,5 тоннадан асатын жеңіл автомобильдер, қауіпті жүктер мен қатты тұрмыстық қалдықтарды тасымалдауға арналған автобустар, жүк көліктері мен арнайы көліктер жатады.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР – да авариялар мен апаттар кезінде шұғыл шақырудың мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық ААШШ жүйесі іске қосылды. Жүйе «GPS» және «ГЛОНАСС» спутниктік навигациялық жүйелердің сигналдары мен деректерін пайдалана отырып жұмыс істейді. ААШШ жүйесін құрудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының жолдарында жүк және жолаушылар тасымалдарының қауіпсіздігін арттыру болып табылады. Бұған авариялық-құтқару қызметтерінің оқиғалар мен төтенше жағдайларға ден қою уақытын қысқарту арқылы қол жеткізіледі. ААШШ жүйесі төтенше жағдайлар кезінде шұғыл әрекет ету қызметтерін 20 секунд ішінде хабардар етеді, ал ЖКО-ның мекенжайын 10 секунд ішінде қалыптастырады. Қауіпті қалдықтар мен жүктерді тасымалдауға тартылған көлік құралдары экологиялық апаттардың алдын алу үшін қауіпті жүктермен байланысты төтенше жағдайларға шұғыл ықпал ету мақсатында міндетті түрде осы жүйемен жабдықталуы тиіс. ААШШ ақпараттық жүйесі өндіріс және тұтыну қалдықтарымен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз етеді және қауіпті қалдықтар мен жүктерді тасымалдау кезінде навигациялық ақпаратты алуға, өңдеуге және беруге мүмкіндік береді.

9. Қорытынды

9.1 Қалдықтармен жұмыс саласындағы халықаралық тәжірибе. Жапониядағы қалдықтармен жұмыс жүйесі

Ең алдымен, Жапония үшін қалдықтарды кәдеге жарату проблемасы өте өзекті екенін атап өту қажет. Жапонияның халқы Қазақстан Республикасының халқынан әлдеқайда көп, барлығы 378 000 шаршы км алаңда 130 миллионға жуық адам өмір сүреді (салыстыру үшін ҚР аумағында шамамен 19 млн адамға 2 725 000 шаршы км құрайды). Сондықтан Жапонияда қалдықтарды сақтау және көму үшін жаңа полигондар ұйымдастыру мүмкін емес.

Жапонияда қалдықтармен жұмыс істеу мәдениеті өте жоғары деңгейде. Мысалы тәртіпті жапондықтар макулатураны алюминийден бөлек тастап қана қоймайды, сонымен қатар әртүрлі санаттағы пластиктерді де бөлек тастайды, мысалы, бөтелкенің өзін бөлек контейнерге, қақпағын бөлек контейнерге тастайды. Бұл ретте алғашқы сұрыптаудың санаттары

европалық санаттардан ерекшеленеді: қалдықтардың көп мөлшері жағылады, қайталама шикізатты, жанатын және жанбайтын қалдықтарды бөлек жинайды. Көшелерде және сауда орталықтарында қайталама пластиктен, қағаздан, шыныдан және басқа да қоқыстардан бөлек сыйымдылықтары бар контейнерлерді кездестіруге болады. Бір қызығы, бактардағы тесіктер қандай да бір контейнерге арналған ештеңе шықпайтындай етіп жасалады. Сондықтан тетрапакқа арналған тесікке мысалы шыны бөтелкені салу мүмкін емес. Бұл туристер үшін арнайы жасалған деп саналады. Ірі көлемді қалдықтар пайдаланылған тұрмыстық техника сияқты жеке төлем арқылы шығарылады.

Қалдықтардың жалпы көлемінің шамамен 20%-ы қайталама өңдеуге жіберіледі. Жапондықтар RRR - Reduce, Reuse, Recycle (азайту, қайта пайдалану, қайта өңдеу) принципін ұстануға тырысады, сондықтан қайталама шикізаттың бір бөлігі қайта өңделеді, ал бір бөлігі санитарлық өңдеуден кейін, мысалы, шыны бөтелкелерді екінші рет пайдаланады.

Жапондық қоқыстарды жағатын зауыттарға ерекше назар аударғым келеді. Жапонияда тұрмыстық қоқыстың 5%-ы ғана көміледі, қалғаны қайта өңдеуге немесе инсинерациялауға жіберіледі. Жапонияда қалдықтардың басым бөлігі, барлық ТҚҚ және ТАҚ-ның 70%-дан астамы өртеледі. Тіпті макулатураның 65% - ға қайта өңделеді, қалғаны ҚСЗ-ға жіберіледі. Қоқыс жағатын зауыттар ең заманауи технологиялар бойынша салынууда. Өртеудің жоғары температурасының (плазмалық газдандыру әдісі 1200 С астам температурамен өртеуді қамтамасыз етеді) және ҚСЗ сүзудің қуатты жүйесінің арқасында атмосфераға зиянды заттар мен парниктік газдар шығарылмайды. Өртеу кезінде қоқыс 5 есеге жуық азаяды: 30 тонна қоқыстың 6 тоннасынан күл қож түзіледі, ол кейіннен тазартылады және құрылыста қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, қоқыс өртейтін зауыттар үйлерді жылумен қамтамасыз ететін жылу және электр энергиясын жеткізуші болып табылады.


Бүгінгі күні Қазақстанда ТҚҚ энергияға қайта өңдеу принциптерін енгізуді көздейтін «Waste-to-energy» жобасын іске асыру мүмкіндігі қарастырылууда. «Waste-to-energy» жобасы Қазақстанда алғаш рет іске асырылууда. Ол Қазақстан аймақтарының полигондарындағы ТҚҚ-ның морфологиялық құрамын, физикалық-химиялық қасиеттерін және энергетикалық көрсеткіштерін зерттеуді, ТҚҚ-да жұмыс істейтін электр станцияларын салу үшін технологиялық құжаттамалар мен инженерлік-геологиялық іздестірулерді дайындауды, инвесторларды іріктеу бойынша жобалық аукционды ұйымдастыруды және басқа да бағыттарды көздейді. Жобаны іске асыру үшін қазақстандық бейінді ұйымдармен ынтымақтастыққа waste-to-energy саласында табысты жұмыс тәжірибесі бар халықаралық компаниялар тартылатын болады. Осындай жобаларды жүзеге асыру еліміздің экологиясына ғана емес, сонымен қатар ол жүзеге асырылатын аймақтардағы экономикаға да әсер ететін болады.

9.2. Италия және Швециядағы қалдықтар кадастрын жүргізу саласындағы халықаралық тәжірибе


Италияның қоршаған орта жағдайы туралы барлық статистика қоршаған орта министрлігінің <https://www.minambiente.it/> сайтында жүргізіледі (1-сурет).

Статистикалық басқарма 1993 жылы құрылды және мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыратын «Istat» Ұлттық статистикалық жүйесінің бір бөлігі болып табылады:

- Экологиялық есептілік үшін функционалдық статистикалық мақсаттар үшін деректерді жинау және өңдеу;
- Әртүрлі департаменттер мен министрліктерге жататын экологиялық статистиканы өңдеу;
- Әртүрлі ұлттық және халықаралық сауалнамаларға жауап беру үшін қажетті ақпаратты талдау және дайындау;
- Статистикалық қызмет мақсаттары үшін Ұлттық статистикалық жүйемен (Istat) қатынастарды басқару;
- Экологиялық ақпаратты бейнелеу;
- Қоршаған ортаның жай-күйі:
- Қоршаған ортаның ластану факторларының сипаттамасы;
- Қоршаған ортаны қорғау бойынша қабылданатын шаралар және әсер етуді талдау;
- Заңнаманың орындалуы туралы есептер;
- Адам денсаулығы мен қауіпсіздігінің жай-күйі;
- Белгілі бір кезеңге арналған қоршаған ортаның жай-күйі туралы баяндаманы жариялау.



1-сурет. Италияның қоршаған орта министрлігінің сайты



2-сурет. Италияның «Istat» Ұлттық статистикалық жүйесі


Швецияда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі агенттік бар және экологиялық мәселелер жөніндегі мемлекеттік агенттік және табиғат қорғау қызметіндегі үйлестіруші күш болып табылады. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Швед агенттігі климатқа және ауаға, топыраққа, биоәртүрлілікке, ластанған аумақтарға, циклдар мен қалдықтарға, экологиялық мониторингке, жабайы табиғат пен қоршаған ортаны аң аулау мен зерттеуге байланысты мәселелерге жауап береді. Агенттіктің <http://www.naturvardsverket.se/> сайтында (3-сурет) экологиялық мониторинг деректері, қалдықтардың шығарындылары мен кадастрлары туралы статистикалық деректер арқылы елдегі экологиялық жағдай туралы ақпарат ұсынылған.

Статистикалық деректер:

- Қайта өңделген қалдықтар статистикасы;
- Түзілген қалдықтардың статистикасы;
- Импортталған және экспортталған қалдықтардың статистикасы;
- Азық-түлік қалдықтарының түзілу;
- Қызмет түрлері бойынша қалдықтардың түзілу статистикасы;
- Көмірқышқыл, парниктік және тұншықтырғыш газдар шығарындыларының статистикасы;
- Қалдықтар және ауада металл концентрациясы статистикасы келтіріледі;
- Зиянды химиялық қосылыстардың ауаға шығарындылары;
- Тек атмосфераға ғана емес, суға да шығарылатын шығарындылардың статистикасы жүргізіледі;
- Табиғат қорғау статистикасы, ормандардың, су қоймаларының, жануарлар дүниесінің жай-күйін бағалау.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының 2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу

Сайттағы барлық статистика кестелер мен диаграммаларда жүргізіледі. Жыл сайын сайттың өзінде әр көрсеткіш бойынша талдау жүргізіледі. Ақпарат жалпыға қолжетімді.



3-сурет. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Швед агенттігінің сайты

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Швед агенттігінің және оның ақпараттық сайтының жұмысын талдау нәтижелері бойынша ҚОҚ БАЖ-ға атмосфераға зиянды газдардың шығарындылары, ауадағы зиянды металдардың шығарындылары мен шоғырлануы жөніндегі ақпаратты, суға шығарылатын шығарындылар жөніндегі ақпаратты қосу ұсынылады. Сондай-ақ болашақта табиғат қорғау ақпаратын, ормандардың, су қоймаларының және жануарлар дүниесінің жай-күйін бағалауды енгізуді қарастыру ұсынылады.

9.3 Қалдықтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу бойынша қорытындылар.

2019 жылғы есептілік кезеңде түзілген қауіпті және қауіпті емес қалдықтар объектілері бойынша ақпарат қалдықтарды орналастырудың 15 665 объектісі қалдықтарды түгендеу бойынша есептер негізінде ҚОҚ БАЖ – да құрылған, оның 14 969-ы уақытша сақтау объектілері, 511 – ТҚҚ орналастыруға арналған полигондар, 78-қауіпті қалдықтарды орналастыруға арналған полигондар, 107-қауіпті емес қалдықтарды орналастыруға арналған полигондар болып табылады.

2016 жылдан бастап мемлекеттік қалдықтар кадастрына мыналар енгізілген:

**Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу**

- 1) Қауіпті қалдықтар паспорттары: 2015 ж. - 25 071 бірл., 2016 ж. - 15 852 бірл., 2017 ж. - 13 979 бірл., 2018 ж. - 15 771 бірл.; 2019 ж. - 24 288 бірл.;
- 2) қалдықтарды түгендеу бойынша есептер: 2016 ж. - 7 334 бірл., 2017 ж. - 8 538 бірл., 2018 ж. - 15 663 бірл., 2019 ж. - 15 665 бірл.;
- 3) Кадастрлық істер - 1 873 бірл.;
- 4) Қауіпті қалдықтар бойынша есептер (2015 ж.) - 3 050 бірл.

2018 жылдан бастап өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының жұмысын жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осыған байланысты 2018 жылдың қазан айында ҚР Энергетика Вице-министрімен 2019-2025 жылдарға арналған өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастры бойынша Медиа-жоспарды бекітілді және келесі іс-шаралар іске асырылды:

– қалдықтарды түгендеу бойынша есептерді ұсыну туралы ақпаратты тарату мақсатында табиғат пайдаланушыларға хабарлама хаттар жолданды; Министрліктің, «ҚОҚ АТО» ШЖҚ РМҚ, ҚР облыстық және Республикалық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің, ҚОҚ БАЖ-дың интернет-ресурстарында, Бірыңғай экологиялық интернет-ресурста тиісті хабарландырулар орналастырылды; Экология департаменттердің стендтерінде хабарландырулар орналастырылды;

– халықты өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрын жүргізу туралы хабардар ету мақсатында «Қазақстан экологиясы» газетінде баспасөз ақпараты шығарылды;

– Green Energy & Waste Recycling - GEWR'19 форумы шеңберінде өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрын іске асырудың оң аспектілері жарияланды;

– Қазақстанның Орхус конвенциясы бойынша міндеттемелерін орындау шеңберінде ҚОҚ БАЖ-ға экологтар, ҮЕҰ, БАҚ, сарапшылар және т. б. үшін қол жетімді болды, ол өндіріс және тұтыну қалдықтары, медициналық қалдықтар бойынша ақпаратты, нақты табиғат пайдаланушыны нақтылауды қоспағанда, сызбалар мен кестелерде ұсынылған талдамалық ақпаратты ашуға мүмкіндік берді

– пайдаланушылармен чат әзірленді, модераторлармен байланыс телефондары мен басқа да байланыс құралдарының тізімі кеңейтілді;

– объектілердің картада орналасқан жерін көрсете отырып, қайталама шикізатты қабылдау бекеттері бойынша ақпарат енгізілді

– 2019 жылға арналған шолу қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында жарияланды және қағаз нұсқасында басып шығарылды және мүдделі мемлекеттік органдар, ведомстволық бағынысты ұйымдар арасында таратылды;

– ҚОҚ БАЖ-ды өнеркәсіптік пайдалануға енгізу мақсатында жүйенің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақ және техникалық құжаттамаға сараптама жүргізілді;

– ҚР ӘМ «Заңды тұлғалар» МДҚ, ҚР ӘМ «Жеке тұлғалар» МДҚ, ҚР ЦДИАӨМ «Е-Лицензиялау» МДҚ, ҚР АШМ Мемлекеттік жер кадастры ААЖ, ҚР ҰЭМ СК «Е-статистика» МДҚ-мен ҚОҚ БАЖ-ды интеграциялауды жүзеге асыру бойынша келісімдер бекітілді;

**Өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрының
2019 жылға арналған нәтижелері туралы ақпараттық шолу**

– ҚОҚ БАЖ деректер базасы қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаты бар жеке және заңды тұлғалармен 20 605 табиғат пайдаланушыға дейін ҚР ЦДИАӨМ «Е-Лицензиялау» МДҚ деректеріне сәйкес толықтырылды;

– қалдықтарды түгендеу бойынша есептер мен қауіпті қалдықтар паспорттары арасындағы қалдықтардың түзілуі және берілу мәндерінің сәйкестігін және тиісті салыстырмалы тізілімді автоматты тексеру құралы әзірленді;

– жүйе 2018 жылға арналған шолуда ұсынылған Бельгия жүйесінің мысалы бойынша қайта өңделетін қалдықтардың түрлерін көрсете отырып, қалдықтарды қайта өңдеумен айналысатын объектілер бойынша деректермен толықтырылды;

– жергілікті атқарушы органдарға қоқыс тастайтын жерлерді жою, заңдастыру және қайта қалпына келтіру бойынша жобаларды іске асыру, рұқсат етілмеген үйінділер орналасқан жерлерде жылжымалы және стационарлық экологиялық бекеттер желісін құру, 50 км радиуста қалалар мен ауылдық елді мекендерде жұмыс істеп тұрған полигондарды абаттандыру және біріктіру (ірілендіру) жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін ҚОҚ БАЖ деректерін пайдалану мүмкіндігі ұсынылды.